Этот же этап развития литературы связан с творчеством С.С. Тотыша, которое направлено на то, чтобы попытаться сохранить для потомков общие и особенные стороны шорского национального мировоззрения и с точки зрения содержания (фольклор, охота, шаманское искусство), но главное, с точки зрения морально-нравственных норм, выработанных в шорском этносе веками. Его произведения представляют собой художественную актуализацию этих норм через фольклорные и личные сюжеты, через внутренний мир и поведение персонажей, через погружение читателя в необычный, но понятный мир взаимоотношений человека с другим человеком и человека с великой природой.

В том же этапе развития литературы удивляет лирический герой С.С. Торбокова, который стар. Понятие возраста, времени – важнейший атрибут лирического героя. Диахроника весьма ему органична. Лирический герой С. Торбокова как бы вечный стариk, пришедший в наши дни из глубины веков. Поэтому и образ его Родины (Шории) имеет не только пространственные характеристики, но и временные. Лирический герой путешествует и по прошлому своей Шории.

Эта торбоковская традиция видеть настоящее Шории через ее прошлое, активно воспринята и продолжена шорской поэтессой 90-х годов Т.В. Тудегешевой. Когда прошлое (недавнее и древнее) воспринимается как неотъемлемая часть настоящего.

Н.Е. Бельчегешев был первой ласточкой припозднившейся шорской весны и открытием третьего периода развития литературы! Был и остается по сей день крупнейшим шорским поэтом, достойным наследником и продолжателем лирического дела С. С. Торбокова и множества безвестных авторов народных песен и частушек.

Родной шорский язык дал необходимую тональность для выражения музыки души, а тема возрождения стала искомым идейно-художественным стержнем. Не случайно первый полноценный сборник стихов Н.Е. Бельчегешева (1993 г.) назывался «Таң атча» («Заря занимается»). И действительно, новая заря народа составляла суть переживаний лирического героя автора.

Третий период развития литературы связан с творчеством Г.В. Косточакова, который выдвигает надежду, что заявленный достаточно высокий уровень его лирики непременно будет продолжен далее в шорской литературе, которая переживает свой новый подъем. Даже, несмотря на некоторые пессимистические взгляды лирического героя

поэта. Главное, шорское лирическое слово звучит, понимается, принимается, да пусть оно будет продолжено!

Тот же третий период развития литературы связан с лирикой Л. Арбачаковой, суть которой – противоречие между помысленным чувством и тем, как оно воплощается в действительности, в реальности. И поэтому лирическая героиня поэтессы - это постоянный знак вопроса перед сложностью бытия. Чаще всего, правда, противоречие только намечается, только эскизно фиксируется, а иногда просто снимается в пользу помысленного чувства.

Наиболее полно третий период развития литературы проявился в творчестве Таяны Тудегешевой. Если ее лирические тона мы переведём на язык верbalного смысла, то получается, что Шория - вся в прошлом, лучшие времена у нее давно прошли, а шорский народ (как народ, этнос) доживает свои последние дни. Шория вся в прошлом. Но прошлое утрачено не безвозвратно, оно хранится в природе (в широком смысле), в ее звуковой стихии. Надо только вслушиваться в природу (уметь вслушиваться), вслушивание даёт возможность чуткому человеку воспроизводить в своём сознании - через видения и отдельные картины - это исчезнувшее прошлое. Лирическая героиня вслушивается и видит прошлое своего народа. При этом ее душу переполняет чувство печали, временами на миг сменяющееся счастьем, радостью, слезами умиления. Но счастье непродолжительно, оно вновь сменяется печалью, грустью. Однако у лирической героини есть твёрдая вера в то, что народ и родину можно возродить, можно вернуть лучшие моменты великого тюркского народа, потомком которого являются шорцы. Прошлое вернут такие чуткие люди - как лирическая героиня. И их должно быть много и больше. Ибо такие люди, как лирическая героиня, люди, обогащённые знанием прошлого, могут многое.

Природа помнит и личное прошлое лирической героини. Прошлое не разделяется на общее и личное, прошлое - единый поток звуковой стихии: ветра, шелеста, шума, метели. Каждый день, прожитый лирической героиней, уходит в эту звуковую стихию природы, остаётся навсегда в памяти природы. Вслушиваясь в ветер, лирическая героиня вспоминает (видит, слышит в воображении) и личное прошлое: отчий дом, семью, отца, мать, гору Айган, аймак Усть-Анзас, река Мрассу и др.

Жизнь подвижна, бежит, как ветер, но этот ветер является и символом устойчивости, вечности, ибо он не только уносит, уничтожает, но и хранит в своей памяти прошлое.

Вот на такой оптимистической ноте пока останавливается шорская литература и наш разговор о ней.

---

---

## ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

---

ӘОЖ 306.08

### ТІЛІ – ТҮРІК, ЖАЗУЫ БАСҚА TURKIC LANGUAGE IN DIFFERENT SYSTEMS OF WRITING

Қ. САЛҒАРАҰЛЫ\*

#### Түйіндеме

Мақалада түрік халықтарының ресми тарих ғылымы қалыптастырылғанындағы, беріде пайда болған жас халық емес, сан мынжылдықтардың құрайтын бай тарихы бар, ежелден келе жатқан көне халықтардың бірі екенін танып-білуге көне жазулардың да үлес қоса алғатына зерттеушілер назарын аударып, ой бөліседі. Жана ізденіске бағыт сілтейді.

**Кілт сөздер:** пиктография, идеография, фонетикалық жазу, этекипрлік жазу, ресми тарих.

#### Summary

Scientists pay a lot of attention to the fact that ancient runic writings have a great contribution to making a research about the history of Turkic nations, and thanks to them scientists proved that Turkic nations are ancient nations with a rich history. It leads to the new research tendencies.

**Keywords:** pictography, ideography, phonetical writings, etocyplic writing, official history.

Кез келген халықтың бастау тарихы: сол халықтың құраған адамдардың ежелгі ата-бабаларының тіршілік жолында жасаған іс-әрекеттерінің, бастан кешкен оқиғаларының, өзара және өзгелермен қарым-қатынастарының қандай, қалай болғанын баяндайтын аңыз-әңгімелер дерегінен тамыр тартып, өркен жайып, өріс ашады. Ал бастау тарихтың өзегіне айналған осы аңыз-әңгімелерді өмірге әкелушілер де, оны ұмыттырмай ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші де сол халықтың жады. Бірден бірге беріліп, ауызша таралғандықтан да болар мұндай тарихты қазір «Ауызша тарих» деп атап қалыптасан. Адамзат баласы жазуды ойлап тапқаннан кейін осы ауызша тарих хатқа түсіріліп, кейінгі ұрпаққа мұра болып қалар рухани байлыққа, баға жетпес қымбат қазынага айналды. Мұның бәрі, әрине, белгілі бір құдыреттің күшімен бір күнде бола қалған жоқ. Адамзат баласының әволюциялық дамуына қарай жазу өнері де әуелгідегі білгілі бір затқа

\* филология ғылымдарының кандидаты, Астана-Қазақстан.  
Candidate of Philological sciences, Astana-Kazakhstan. e-mail: [K.Salgara@mail.ru](mailto:K.Salgara@mail.ru)

бедерленген таңба-суреттерден символдық белгілерге ұласып, тарихты танытар бүгінгі алфавиттік жазуға айналғанға дейінгі қалыптасу жолында сан түрлі өзгерістерге ұшырап, жетілу жолдарынан өткен. Соған орай жазу тарихын зерттеуші ғалымдар осы өзгерістерді салыстыра зерттеу нәтижесінде бүкіл жазу жүйесін ұш түрге бөледі. Оларды ғылым тілінде: «пиктографиялық», «идеографиялық (басқаша айтқанда: иероглифтік)» және «фонетикалық» жазулар деп атайды.

Осының пиктографиялық жазуы көне замандардан бүгінге жеткен жазулардың ішіндегі ең ескі түрі, жазу атаулының бастауы деп есептелінеді. Мысал ретінде амариқалық ұндістердің суретті таңба жазуы алға тартылады. Бұл термин: латынша «суретті» және грекше «жазу» дегенді білдіретін екі сөздің бірігуі арқылы жасалған, Мағынасы – «сурет арқылы берілген жазу», «суретті жазу» дегенге саяды.

«Идеографиялық» атауы – латынның «идея» және гректің «жазу» дегенді білдіретін сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы – «белгілі бір түсінікті, ойды білдіретін жазу» (*«тисъмо понятий»*). Бұл жазу пиктографиялық жазудың заңды жалғасы, соның жетілген түрі деп есептелінеді. Бұған көнеқытай, көнешумер жазуларын жатқызады.

Ушінші түрі – фонетикалық жазу. Мұны кейде «буындық жазу» және «әріптік-дұбыстық жазу» деп екіге бөледі. Мұның соғысын көбіне «алфавиттік жазу» деп те атайды. Біздің бүгінгі қолданып жүрген жазуларымыз да жазудың осы түріне жатады.

Арасына белгілі бір уақыттар салып барып, бірінен кейін бірі пайда болған жазудың осы дәстүрлі ұш түрінен тарап, тармакталған жетіліп, бұл күнде сан алуан халықтардың атымен аталып кеткен түрлі жазулар барышылық. Осы жазулар арқылы сонау есте жоқ ескі замандардан бастап бүгінге дейінгі жер бетінде өмір сүрген халықтар тарихын оқып, білуге мүмкіндік туды. Жалпы жазулар арқылы жеткен деректерді ғылымда «жазба дерек» деп атайды. Бүгінгі біздің тарихи санамызды қалыптастырган реңми тарихтар осы жазба деректер негізінде жазылған. Өйткені ғылымда ауызша дерекке қарағанда жазба дерекке ерекше мән беріледі. Бұрын да солай болған, қазір де солай.

Мұнда ауызша деректің белгілі бір дәрежеде азды-көпті ауыстыруйіс жаңсақтығы болатынын ескерудің сыртында санада қалыптасқан жазуды кие тұтқан ежелгі түсініктің ықпалы да аз емес. Өйткені ежелгі заман адамдары жазуға тәнірілік сипат беріп, оны «құдайдың

ici» деп ерекше қасиет тұтқан. Мысалы, ежелгі египеттіктер өздерінің жазуын «құдайдың тілі» деп атап, жазуды ойлап табушыны мәдениет атаулының берін өмірге келтіруші құдай – «Тот» деп білген. Ал вавилондықтар болса, өз жазуларының авторын адам тағдырының құдайы – Мардук баласы Набу деп түсінген. Сол секілді ежелгі еврейлер жазуды жарық дүниеге әкелген Мойсей десе, грек мифі бұл иғі істі Гермес құдайға телиді. Ежелгі қытайлықтар мен үнділерде де және басқа халықтарда да осындай түсінік болған. Қалай болғанда да, осындай таным-түсініктен бастау алып, кейін болмыстың шындығымен нақтыланып, қалыптасқан таным бойынша жазудың (*жазба тілдің*) тарихтан белгілі болған халықтардың қай-қайсысы үшін де мәдениеттің, ғылымның және білімнің бастаушысы болғаны талас тудырмайды. Өркениет бар жерде – жазу мен оқу бар. Бұл да шындыққа айналған ақиқат.

Осындай баршаға аян ақиқатты мойындай отырып, адамзат баласымен бірге жасасып келе жатқан ауызша тарихтың дерегі де маңызды екенін естен шығармаған жөн. Бұл, әсіресе, өздерінің байырғы аратілін ардақтап сақтай білген, айтылғанды жадында тұтып, естігенін ұрпағына қаймағын бұзбай, бар мән-мазмұнымен дәл жеткізуді дәстүрге айналдырған, жазу-сызуы кеш дамыған немесе болмаған (*болса да кейін түрлі тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты ұмыт болған, жоғалған*) халықтар тарихын танып-білу үшін ерекше мәнге ие.

Бірақ, өкінішке карай, қазіргі ресми тарих ғылымы бұл маңыздылықты «көшкінші» деп танылған халықтардың тарихын тануда әлі күнге мансұқ етіп келеді. Бұған дүниежүзі халықтарының ортақ тарихының тек европалық таным-түсінікте ғана жазылуы, осы таным-түсінік негізінде бір тектен жаратылған адамзат баласын, алғашқы тарауларда айтқанымыздай, әуелі «тарихи және тарихи емес халықтар» деп, содан кейін бұл терминдерді өзгертіп, оларға «отырықшы және көшкінші халықтар» деген ат беріп, айдар тағу арқылы екіге бөліп тасталап, бірін мәдениетті, өркениетті, ал екіншісін жабайы, тағы халықтар санатында көрсетулері де себепші болғаны анық. Кезінде ғылымға еркін араласқан европалық менмендіктің жаратылысы бір адамзат баласы туралы осындай көзқарасты қалыптастыруы салдарынан ежелгі заманда өмір сүрген халықтардың нақты кімдер екенін, олардың қай тілде сөйлегенін танып-білуге мүмкіндік болмай қалды, ізденіс сабактастығының жолы кесілді. Сол себепті тарихқа дейінгі ежелгі өркениет ошағына от жаққан

халықтардың төл тарихы егжей-тегжейлі зерттеліп, басы ашылмады. Ең өкініштісі – тануға талпыныста жасалынбады. Өркениеттік өркөкіректік зерттеушілерді қалыптасқан европалық таным-түсінік шенбері аясынан шығармай, ескі замандардан жеткен жазба деректерді, егер ол өздері айтатын «ұндіеуропа» болмаса «семит» тілдерінде тануға келмесе болды, «белгісіз халықтік» деген «үкіммен» біржола жауып тастап, назардан мұлде тыс қалдырыды. Соның салдарынан ол халықтардың шыққан тегі, сөйлеген тілі әлі күнге белгісіз күйінде қалып келеді. Бүгінгі ғылымның дамыған, техниканың мейлінше жетілген заманында да оны зерттеп білсек, шындықты анықтасақ, бір кезде кеткен кемшіліктің орынын толтырсақ деп ізденіп жатқан жан тағы жоқ. Қалыптасқан таным-түсінік бойынша: бәрі анықталған, одан әрі бірдеме білу мүмкін емес секілді. Алайда жетілген ғылым жетістіктері басқа жайды анғартады. Бұған генетик ғалымдардың соңғы табыстары айғақ.

Айтылғандардың анықтығын айқындаі түсі үшін бүгінгі ресми тарих деректеріне ой көзімен үніліп, сондағы тұжырымдарды зерделей шолып шыққанымыз жөн болмақ. Сонда, ең алдымен, ресми тарихтың ұсынған тұжырымдары бойынша «ежелгі өркениеттің ошағы» деп танылған Оңтүстік Еуропа, Таяу Шығыс және Африка жерлеріндегі әлгі көне өркениетті тудырған, жазу-сызууды өздері ойлап тапқаны үшін жазу түрін әрқайсысина еншілеген (*мысалы, «шумер жазуы» деген сияқты*) ежелгі халықтардың бәрінің бірдей бұл өнірлерге сырттан келгенін және бірде-біреуінің нақты бастау тарихының жоқтығын, сол тәрізді олардың қайdan келіп, қай тілде сөйлегенінің белгісіздігін аңғаруға болады. Сөз жалаң болмас үшін мысалға бірер тарихи деректер келтіре кетелік және оны осы деректердің бәрі жазу арқылы жеткендіктен жазу өнеріне алғашқылардың бірі болып қол жеткізген шумерлерден басталық.

Тарих дерегі бойынша сынажазуды (*клинопись*) бірінші болып қолданған шумерлер делінеді. Аккадтар да, кейінгі танылған вавилондықтар мен ассириялықтар да сынажазуды осы шумерлерден қабылдаған. Бұл ретте зерттеушілер жазудың алғашқы түрі – пиктографиялық жазудан орындалуы жеңіл сынажазуға көшудің себебін де шумерлер мекендереген жердің қыш тақтайшалар жасауға аса қолайлы сазбалшыққа ерекше бай болуымен байланыстырады. Осылай делінгенмен, шумерлердің сынажазуды алғашқы ойлап табушылар екені әлі нақты анықталмаған. Бұған кейбір зерттеушілер кәдімгідей күмән келтіреді. Сондай-ақ шумерлердің өзі туралы оларды

Месопотамияның байырғы тұрғындары ма, жоқ әлде басқа жақтан қоныс аударып ауып келгендер ме, деген мәселеле де басы ашық күйінде қалаған. Қөптеген зерттеушілер шумерлерді христиан эрасына дейінгі IV мыңжылдықтың ортасына таман Месопотамияға сырттан келген болар деп шамалайды. Ресми тарих та осы тұжырымды теріске шығармайды. Бірақ та шумерлер мұнда қайдан келді, шықкан тегі кім, қай тілде сөйлеген деген мәселелер зерттеусіз қалған.

Жазу тарихын жан-жақты зерттеп, арнайы «Алфавит» атты көлемді монография жазған, онысы ғылыми ортадан үлкен қолдау тауып, бірнеше қайта басылған ағылшынның белгілі тілтанушы ғалымы Давид Дирингер адамзат баласы ойлап тапқан жазулардың тарихын зерделей келіп, шумердің сынажазуы жөнінде: «...это великое изобрентение было сделано шумерийцами – народом, который говорил не семитском или индоевропейском, а **на особом агглютинативном языке** (*қарайтқан біз К.С.*); этническая и лингвистическая принадлежность шумерийцев до сих пор не подается определению. Впрочем, некоторые учёные начинают задумываться над тем, справдливо ли приписы это достижение шумерийцам. Мы также не можем решать, где было изобретена клинописная система – в Месопотами или каком-либо другом месте; последние предположение кажется нам даже более вероятным» [1, 59], – деген ой айтады.

Бұл қатардағы көп зерттеушінің бірі емес, бүкіл жазу атаулының тарихын зерттеп, жазып отырған маман тілші ғалымның сөзі. Осыдан-ақ жоғарыда айтқанымыздың, яғни ежелгі замандарда өмір сүрген байырғы халықтардың тарихы мен тілін танып-білуге тек еуропалық таным-түсінік тұрғысынан қарал, оған сай келмесе әлгіндей «говорил не семитском или индоевропейском» деп тарта беретінін анық көруге болады. Эйтпесе, дүниежүзі халықтарының тілі мен жазуын арнайы зерттеген, өмірде семит тілінен басқа тілдердің де бар екенін бес саусағындаи танып-біліп отырған зерттеушінің шумер халқының этникалық, лингвистикалық тегін анықтауды әрі жалғастырмай, оның тілін мынау жалпақ әлемде әлі де «көзі тірі» басқа да агглютинативтік тілдермен салыстырып зерделемей, оның бұлайша ғылыми кесімді қорытынды жасауын қалай түсінуге болады. Егер зерттеуші еуропалық таным-түсінік аясынан шығып, шумерлерден қалған мифтердің, гимндердің, эпостардың тілін тек семит тілімен салыстырып қана қоймай, агглютинавтік тілді мұра еткен әлемнің басқа халықтардың тілімен сабактастыра салыстырып зерттесе, олардың шыққан тегін, Месопотамияға қайдан келгенін

мүмкіндігінше біраз анықтауга болmas па еді. Осындай зерттеулердің болмауы және европалық танымның ғылымдағы ұstemдігі салдарынан қазіргі таңда шумерлерді «түрік халқы» деп танып, діни танымы, тілдік бірлігі тұрғысынан дәлелдеп жүрген жекелеген зерттеушілердің еңбегі ғылыми ортаның ілтишатына ілікпей, назардан тыс қалып келеді. Мысалы, қазақстандық зерттеуші О. Сүлейменов шумер тілі мен түрік тілінің түбірі ортақ, дыбысталуы ұксас, мағанаасы бірдей сөздерінің сөздігін жасап, екі тілдің жазу таңбаларын салыстыра зерделеуінің [2, 186-210] назардан тыс қалуы осыған айғақ. Ол және жалғыз емес қой. Сондай-ақ бұған шумерге тікелей қатысы болмаса да, кезінде пиктографиялық жазуға ие болған Американың ежелгі тұргандары: Майя, Астек (Ацтек) халықтарының тілін зерттеп, оларды «түрік тілдерінің тобына қосуға болады, морфологиялары тым ұксас, екеуі де жалғамалы (*агглютинативtіk*) тіл» деген америкалық Otto Реригтің, уругвайлық Б. Ферейроның пайымдауларын әрі жалғастырған кейінгі зерттеушілер: ресейлік Ю. Кнорозовтың, татарстандық А. Карамулиннің, қазақстандық Ә. Ахметовтың енбектерін қосуға болар еді. Бірақ, өкінішке қарай, бұлардың ешқайсысы не тіл, не тарих ғылымы тараپынан қолдау таппай, әлі күнге ескерусіз келеді. Бар үміт генетик ғалымдардың ДНК зерттеулерінің нәтижелеріне сүйеніп, Америка үндістерін кезінде Алтайдан Беринг бұғазы арқылы өтіп, мұхиттың арғы жағына қоныс аударған түрік халықтары деп тапқан жаңалығында. Егер осы жаңалық ғылыми ортадан жаппай қолдау тапса, онда ізденіске жаңа өріс ашылып, тіл және тарих ғылымдары салаларында ірі өзгерістер болары анық.

Осындай жайларды ежелгі арийлер туралы да айтуға болады. Ресми тарих арийлердің үнді жеріне басқа жактан ауып келгеніне де, Үнді жазығындағы тендессіз ғажайып мәдениетті осы сырттан келгендердің жасағанына да күмән тудырмайды. Бірақ бұлар неғылған халық, қайдан келген, қай тілде сейлекен дегенге келгенде әдеттегідей нақтылық жоқ. Әркім әр түрлі пікір айтады. Олардың ежелгі Му континенті Тынық мұхиттың астына кеткенде сол апарттан аман қалғандарының бір бөлігінің Бирма жері арқылы Индияга өткенін тастақтайшалардағы жазулар дерегі арқылы дәлелдеген ағылшын Джеймс Черчвардттың мәнді пікірі де ескерусіз қалып келеді [3].

Жазба дерекке жадыланып, европалық таным-түсінік шенберінен шыға алмаған зерттеушілер, әдеттегісінше, бұлар жайында сөз бола қалса, оларды «батыстан келгендер» деп өте шығады. Дәйекті дерек келтіріп, дәлелдеп жатпайды. Мұндағы олардың «батыс» деп

## **Қ.Салғараұлы. Тілі – түрік, жазуы басқа.**

отыргандары – Оңтүстік Еуропа. Бірақ бұлардың тұжырымдарымен келіспейтін зерттеушілер де жетіп артылады. Олар арийлерді үнді жеріне терістік батыстан, яғни Орта Азиядан шыққандар деп пайымдайды. Алайда бұл пайымдаудың да әзірge нақты айғакты дәлелі жоқ.

Қалай болғанда да, ескі заманнан жеткен көне жазбалар дерегі арқылы ой түйген зерттеушілердің қай-қайсысы болса да арийлердің үнді жеріне келуі жөнінде әуелде сол кездегі табылған археологиялық материалдар негізінде «х.э. дейінгі II мыңжылдықтың ортасы» деген пікірге қорып, осы тұжырымды ғылымға енгізген болатын. Алайда үнді жерінде ширек ғасыр бойы үзбей жүргізілген археологиялық жұмыстардың нәтижесінде табылған кейінгі айғактар бұл пікірді теріске шығарып, аталған мерзімді біржарым мың жылға ұзартқан-ды. Нактырақ айтқанда, бұлайша мерзімдік өзгеріс жасауга байырғы Үндістан жерінің терістік-батысынан ежелгі қалалардың орыны табылып, соны жан-жақты зерттеу нәтижесінде олардың х.э. дейінгі III мыңжылдықта салынғаны анықталғаннан кейін барып қол жеткен. Ғылымға «харапп мәдениеті» деген атпен енген бұл мәдениеттің болған мерзімін кейіннен Мохенджо-даро қаласынан табылған материалдық айғактар да одан әрі нақтылай түсken. Бұл қала архитектуралық түрғыдан алғанда Хараппа қаласына қарағанда әлдекайда күрделі болып шықты.

Ғалымдар осы қалалардан табылған дүниелердің Месопотамиядан заттарға ұқсастығына қарап, харапп мәдениетін шумерлер тарихымен байланыстырады. Осыған орай зерттеушілер тарихқа дейінгі өркениеттер тамырластығын тілге тиек ете отырып, үнді жеріндегі осынау ғажайып мәдениетті жасаушылар мұнда Терістік Месопотамия мен Оңтүстік Ираннан келген болар деген болжам айтады. Бірақ бұлар да харапп мәдениетін жасаушылардың кімдер екенін, қай тілде сөйлегенін нақтылай алмайды. Болжамнан басқа, көніл тояттар нақты деректер келтірмейді.

Осы орайда айтылған жайларды ой елегінен өткізу арқылы жалпы жазба деректерде кездесетін ежелгі халықтардың тарихын зерделегенде олардың тегін, тілін анықтауда өктем естілетін «ұндіеуропалық тіл» («индоевропейский язык») немесе «ұндіеуропалық тіл емес» («не индоевропейский язык») деген терминнің қалай өмірге келгенін және оның себептерін топшылауға болатын секілді. Біздің пайымдауымыша, мәдениет зерттеушісі С. Н. Артоновскийдің әділ атап көрсеткеніндей: «Феодалдық Еуропаның тар

шенберінде пайда болып, кейін европалық жұрт өздерінің ғылыми-техникалық деңгейі бойынша адамзаттың өзге бөлегін артта қалдырып, әлемдік өркениет сахнасына шыққан кезде ерекше өріс алған евроцентризмнің» [4, 19] сойылын соқкан европалық ғылым өкілдері тарихқа дейінгі көне өркениетті де европалық халықтардың аталары жасаған деген тұжырымының қалыптастыру мақсатында бір-біріне жалғаса жатқан, ежелгі өркениет ошағы болған Онтүстік Еуропа, Таяу Шығыс, Африка және Үнді жерін мекендеген байырғы халықтардың тегін анықтап, қай тілде сөйлегенін саралауға онша құлықты болмаған тәрізді. Сол себепті де олар байырғы өркениетті жасаушы ежелгі халықтардың протоевропалықтар екеніне құдік тудырmas үшін семит тілінде сөйлемейтіндердің бәрін бір бәріктің астына тығып, «ұндіевропалық емес» («не индоевропейский») халықтар деп, белгісіздік құрдымына ысырып тастап отырғандай көрінеді. «Ұндіевропалық тіл» деген негізі бұлдыр жасанды лингвистикалық терминнің ғылымға еніп, орнығуы да осыдан, Үндістан жеріндегі ежелгі өркениетке ортактасу мақсатынан туғаны айқын аңғарылады. Әйтпесе, тарихқа дейінгі, тарихтан кейінгі кезеңдердегі оқиғаларды тұтас алып қараганда да, Үндістан жерінен шығып Еуропаға барып, өз өркениетін орнатып, жергілікті халықтарға мәдени ықпалын тигізген бірде-бір халық, не бірде-бір тайпа болған емес. Оны анықтайтын не ауызаша, не жазбаша ешқандай дерек те кездеспейді. Олай болса, «ұндіевропалық тіл» дегеннің болуына да не тарихи, не лингвистикалық негіз жок.

Тағы бір мысал. Зерттеушілер ежелгі Крит өркениетін Еуропа елдерінің Египет пен Месопотамия мәдениетімен өрелесер бірден-бір жалғыз мәдениеті деп есептейді. Оны көп жағдайда «эгейлік өркениет» немесе «минойлық өркениет» деп те атайды. Мұның алғашқысы Эгей тенізіндегі басқа аралдардың Крит мәдениетімен тектес болуына орай ортақ мәдениетті тұтас қамту мақсатында аталса, кейінгісі Эгей патшалығының патшасы Миностың есіміне байланысты берілген. Бұл термин казба жұмыстар жүргізу арқылы осы Крит және Кипр аралдарындағы ежелгі өркениеттің ғылымға танылуына айтарлықтай үлес қосқан ағылшынның атақты археологы Артур Эванстың ұсынысымен енген көрінеді.

Осы А. Эвансы бар, басқа мамандары бар, бәрі Криттің ежелгі тұрғындарының сонау есте жоқ ескі заманың өзінде ете жоғары деңгейдегі мәдениетке қол жеткізгенін бір ауыздан мойындайды. Оның солай екенін Криттен табылған архитектуралық құрылыш

қалдықтары мен олардың қабыргаларына және қыш бұйымдарға салынған суреттері ғана емес, сондай-ақ Криттің өзіне тән төл жазуы болғаны да, оның бүкіл Греция өркениетіне жасаған ықпалы да негіздей түседі. Грек дәстүрінің Крит аралын үлкен мәдениет орталығы ретінде қабылдайтыны да, өз тарихтарын осы мәдениетпен байланыстыратыны да содан болса керек. Мұның сыртында Критте дамыған «сызықты А жазуының», оның кейінгі жетілген түрі «сызықты Б жазуының» негізінде грек алфавитінің өмірге келгені де тарихтан мәлім.

Крит өркениетін зерттеп, танып-білуге ағылшындар мен итальяндықтардың және кейіннен қосылған америкалықтардың қосқан үлесі ерекше. Осы елдің археологтарының табанды еңбегінің арқасында Критте неолит кезеңінің ұзаққа созылғаны, оның 5000 жылды қамтитыны, одан кейін қола дәуірінің, ғалымдар тарапынан «минойлық» деп аталған өркениеттің, басталғаны анықталды. Алайда ежелгі ұлы мәдениеттің болғанын айғақтар керемет сарайлар мен көптеген өнер туындыларының табылғанына қарамастан, Крит өркениетін жасаушылардың кімдер екені баяғы анықталмаған күйі қала берді. «Криттің ежелгі тұрғындары кімдер?»; «олар қай нәсілге жатады?»; «қай тілде сөйлеген?»; «олардың тарихы қандай?» деген тәріздес толып жатқан сұрақтар жауапсыз қалды. Неге бұлай?..

Крит өркениетіне қатысты деректер мен зерттеулерді қарап отырсаңыз, бұлай болмаға тиісті сияқты. Өйткені есте жоқ ескі замандардағы ежелгі мәдениеттің қашан, қайда пайда болғанын кезінде соны жасаған адамдардан қалған заттық айғақтар, ал олардың кімдер екенін, қай тілде сөйлегенін жазба дерек мәліметтері арқылы анықтауға болады десек, осының бәрі де Крит аралынан табылып отыр. Материалдық айғақтарды былай қойғанда, түрлі заттарға жазылған жазулардың өзі де жетерлік. Олардың ішінде жазудың дәстүрлі үш түрімен: пиктографиық, идеографиялық (*иероглифтік*), фонетикалық (*буындық*) жазумен жазылғандары бар және олар біреу емес, бірнешеу. Бір ғажабы, осы жазулардың бәрі дерлік танылып, оқылған. Бірақ, соған қарамастан, жазу иесі халықтың кімдер екені анықталмайды. Былай қарасаң: суретті жазу құпиясы ашылады, иероглифі танылады, әрібі оқылады, тек осы жазуларды сөйлетер тілі түсініксіз, қай халықтың тілі екені белгісіз. Өйткені, ол тіл – «ұндіеуропалық емес». Солай болғандықтан, ол одан әрі зерттелмеген, әлемнің басқа тілдік жүйедегі халықтарының тілімен салыстыра, сабактастыра тексерілмеген. Сондықтан да мұның бәрі тарихқа кім

екені белгісіз халықтар жасаған өркениет болып қала берді.

Жасыратыны жоқ, ғылымдағы осындай сыңаржактылық қазір де сол күйінде қайталаңып келеді. Осы жағдайларды зерделей келгенде, ежелгі дүние тарихындағы отырықшы емес байырғы халықтардың аттары белгілі болғанымен, бір де біреуінің заттарының белгісіз болып қала беретіні де осыдан ба деген ой келеді.

Дегенмен, қоғам дамып, ғылым жетіліп, адамның ой-санасы арытқан сайын ғылымдағы еуропалық емес халықтардың білімді өкілдері кейінгі кезде ресми тарих қалыптастырган қагидаларға қанағаттанбай, өз халқының шыққан тегін өздері танып-білу мақсатында көне дәүірлерден жеткен жазба дереккөздерін өздерінше зерттеп, содан түйген өз тұжырымдарын алға тарта бастады. Олардың ішінде кәсіби мамандар да, әуесқой ізденушілер де барышылық. Ресми тарих ғылымы мойындалап, ғылыми айналымға енбегенімен, бұлардың пайымдаулары баспасөз беттерінде ара-тұра жарияланып та жатады. Жеке зерттеу еңбек ретінде баспадан кітап болып, басылып шыққандары да бар. Соларды зерделей оқып, салыстырып қараганда, ресми тарих ғылымы «белгісіз халық» деп келген кейбір халықтардың кімдер екенін, олардың сөйлеген тілінің бүгінгі ғылым анықтаған тілдік топтардың қайсысына жататындығын пайымдауға болатын секілді. Бұл ретте, мысалы, осы біз әнгімелеп отырған тақырыппен үндес Жерорта теңізі аралдарында дамыған ежелгі өркениет жөнінде бұрын-соңды ешкім айтпаған, тосын да жаңалықты ой-пікірлері бар қазақстандық жас зерттеуші Амантай Айзахметовтың «Рождение тюркского мира» (2004) атты енбекін айтуда болар еді. Бұл - осы кітаптың жаңадан толықтырулар енгізілген екінші басылымы. Бұрын ол әуелі «Колыбель царей человечества» (2001), кейін «Рождение тюркского мира» (2002) деген атпен жарық көріпті. Амантай кәсіби маман емес, әуесқой зерттеуші, мамандығы журналист. Соңғы кітабы жарық көргеннен кейін, көп ұзамай қайтыс болған. Тарихтың ұлken жанашыры осы азamat Жерорта теңізінің төнірегі мен аралдарынан табылған қазба мұраларға қатысты ерекше бір жаңалықты алға тартады.

Өткен ғасырдың ортасында археологтар Кипр аралының (*бұл аралдың ежелгі аты «Алаи» К.С.*) шығыс жағалауындағы Энкоми деген жерден миной өркениетіне қатысты жазулардың бір түріне жататын жазуы бар қыш тақтайшалар табады. Ғалымдар бұл жазудың жазылған уақытын х. э. дейінгі XV ғасырға жатқызады. «Сызықты А жазуы» («линейное письмо А») түрімен жазылған бұл жазуды ғалымдар танып, оқығанымен, ондағы сөздердің мағынасын түсіне

алмай, оның тілін «гректерге дейінгі тіл» деп табады. Ғылымда ол жазу қазір «этекипр» («Шынайы кипрлік») деп аталады. Бұл, басқаша айтқанда, Кипр аралының әуелгі төл тұрғындарының жазуы деген мағынаны білдіреді.

Сол этекипрлік жазудың бір қыш тақтайшадағы сөз берін сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасын ашатын ешқандай тыныс белгісі қойылмай, тек буын-буын күйінде тізіп, тіркестіріп жазылған жазуының транскрипциясы мынандай:

**«a-na-ma-to-ri-u-mi-e-sa-i-mu-ku-la-i-la-sa-na-a-ri-si-to-no-se-a-ra-to-va-na-ka-so-ko-o-se-ke-ra-ke-re-tu-lo-se-ta-ka-na-ku»**

Сызықты А жазуымен жазылған мәтіндерді оқумен айналысып жүрген маман ғалымдар қыш тақтайшадағы осы жазуды оқып, оны қолданыстағы латын әрпіне түсіріп, мұмкіндіктеріне қарай буындар тіркесін жеке сөздерге бөлгөнімен, жазылғаның мағынасын толық танып, ажырата алмаған. Бар болғаны өздерінің жанынан әріптер қосып, гректің бір қаласы мен бір адамының атын зорға шығарғандай болған.

Міне, осы мәтінді қазақстандық (*тараздық*) әуесқой жас зерттеуші Амантай Айзахметов бұған өзгелер секілді өз тарапынан басқа әріптер қоспай және ештемесін алып тастамай, қыштақтайшада қалай берілсе, сол күйінде өзінше жеке сөздерге бөліп оқиды. Сонда шықканы мынау:

**«a-na-ma // to-ri // u-mi-e-sa-i // mu-ku-la-i // la-s // a-na // a-ri-si // to-n // o-se // a-to // va-na // ka-s // o k // o-se // ke-ra-k // e-r // e-t // u-l // o-se // ta-k // a-na // ku».**

Ешқандай тыныс белгісіз, бір-біріне тіркестіріліп жазылған буындар тізбегінен құралған мәтінді А. Айзахметов осылайша өзінше бөледі де, оны:

**«анама тори емес-ай, макулай лас ана ариси тон оссе, ар ата пана қасы оқ оссе, керак ер ет ұл оссе, тақ ана қу»,** – деп оқиды және оның мағынасын орыс тілінде:

**«матери моей не царь, а глупый раб достоин, если ее мать шубу кроит, а если в убежище праотца стрелы строгаются, сын в мускулах мужчиной растет, трон, гоняйся за матерью» [5, 278],** – деп түсіндіреді.

Зерттеу бағытында жаңсақтық болдырмауға және өзгелердің салыстырып ой түюіне аз да болса, септігі тиер деген мақсатпен осы жазуды біз де өз тарапымыздан оқып, мәтінді жеке-жеке сөздерге казақ

тілді зерттеуші ретінде өзімізше бөліп көрдік<sup>1</sup>. Сонда ол мынандай болып шықты, салыстырып қарап көріңіз:

«*a-na-ma\\ to-r\\ i-u-mi \\ e-s \\ a-i-mu\\ ku-l\\ a-i-la-s\\ a-na \\\\a-ri-si \\\\to-n\\ o-se \\\\a-r\\ a-to \\\\va-na \\\\ka-s \\ o-k \\\\o-o-se\\ ke-ra-k\\ e-r\\ e-t\\ u-l \\\\o-se \\\\ta-k\\ a-na \\ ku»*

Енді осыны бүгінгі қолданыстағы әріпке көшіріп оқығанда:

«*Anama тор иумі ес айму, құл айлас, ана әрісі тон оссе, әр ата пана қас оқ оссе, керек ер ет ұл оссе, ана тақ құ*» деген сөз тіркестеріне айналды. Мағынасы:

«*Anama билік ию (таласу) айымның ақылы емес, (ол) құлмен бірдей болу. Ана әрісі тон шыгарса (тіксе), әр пана болар ата нағыз оқ шыгарса (жонса), (ел). керек етер ұл осірсе, тақ ананы өзі қуады».*

Осындағы көне түркілік «тор» (білік) деген бір сөз болмаса, басқасы түгелдей бүгінгі қазақ тілінің тілдік қорында бар сөздер, кез келген қазақ тілін білетін адам ешқандай аудармасыз толық түсініп, ұғына алады.

Ал сонда бұны не дейміз? Христиан эрасынан он бес ғасыр бұрын жазылған этеокипрлік жазудың түркілік тілінде, оның ішінде таза қазақ тілінде сөйлеуі қалай? Осыдан 3500 жыл бұрын Жерорта теңізінің Кипр аралында болып, тақтайшаға өз тілінде жазу қалдырып жүрген бұл қай түрік, қай казак? Өмірде не болмайды, әлде бұл басқа тілде жазылған мәтінді қазақ авторының жеке сөздерге бөлуінен пайда болған сөздердің кездейсоқ ұқсас жиынтығы болар десек, онда жүйелі мазмұнды қайда қоямыз? Мәтіндегі «әр ана тон өссе, пана ата оқ өссе» деген тіркесті қазіргі қазақ тіліндегі «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген мақалдың ежелгі нұсқасы десек, кім қисынсыз дей алар. Зерделеп көрініш!?

Дегенмен, қалайда, көнілде күдік қалмасын, кездейсоқтық демеске басқа тақтайшадағы жазу мәтіндеріне де кезек беріп көрелік. Өйткені кездейсоқтық ешқашанда жүйелі қайталанбайды, олай қайталанса, ол – занылыққа жатпак.

А. Айзахметовтың этеокипрлік жазудағы буындар тізбегін жеке сөздерге бөлуін одан әрі өзіміште бөліп, зерделеп жатпай, зерттеушінің

<sup>1</sup> Жазудың қыштақтайша түпнұсқасын тарих пен өнердің шынайы жанашыры, танымал меценат Сапар Исқаковтың көмегімен Түркияға, Грекияға арнайы ізден барып, таба алмай қайттық. Бірақ ерте мемеш пе табыларына сенімдіміз. Қалайда табылған, бар дүние гой. К.С.

өзінің оқуында беруді жөн көрдік. Этеокипрлік екінші қыш тақтайшадағы жазудың А. Айзахметов бөлуіндегі мәтіні мынандай: «v/i-ti-le r/a-n/u t/a-na mu-n/o ti/a-i-lo/ e-ki/ ja-n/o-ti/ ma-na ko/to-u-p/a-ra (или ki, или la)-m/i r/a-n/u t/a-na mu-n/o-ti».

Оқылуы: «*бей, иттер, аң ит анамен оті, әуелі екі қоян оті, манағы тауп аралам ірі аң ит анамен оті*».

Мағынасы: «*Ей, иттер, аң-ит анамен (ана жермен) отті, әуелі екі қоян отті, манағы тауып аламын деген ірі аң-ит, анамен отті*» [5, 280].

Бұл аздық етсе, осының жалғасы ретінде берілген тағы басқа бір жазуды оқып көрелік.

«a-n/a ta-si/ tu-sa/ e-ki/ vi/ja/ki- ma/na-a/po-i/ e-ki/ ma-ri m/a-na/ tu-mi-ra-i/mi-ka-ni/ pu-e/ne-mi-na/ па-na-mo/ka-ni/o-t/a-ra/vi/ ka-va-li/ja/ ма-na mi-?»

Оқылуы: «*аң атасы туса екі бол иа қойма, наса бол, екі марым ана тумырай, мекені бол немене пана ма, қаны от ара бол қапалы иа мана ма?*» Мұны да А. Айзахметовтің жеке сөзге бөлуі бойынша беріп отырмыз.

Мағынасы: «*аң атасы туса, садағыңды болек (екі бол) қойма. Сақ бол. Анаң екі қайра тумайды. Немене, мекенің пана бола ма, ара қанды от қапалы болғанда, садағың қоргай ма?*». Бұл біздің түсіндіруіміз.

А. Айзахметовте сәл басқашалау. Ол былай дейді:

«*Если родится царь зверей, не ставь на пару с ним жилище свое рядом, будь осторожен. Мать не родить тебя дважды. Или земля твоя – тебе убежище? Если кровавый очаг рядом, не опасное ли это соседство?*»

Қалай болғанда да, нактылық үшін демесек, бұл арада этеокипрлік мәтіннің сөздерін ешқандай түсіндірмесіз-ақ кез келген қазақ тілін білетін адам еш қиналмай-ақ түсінері анық. Тіпті, жасыратыны жоқ, сөздің түсініктілігіне, айтылған ойдың жүйелілігіне қарап **бұл жазуды бұдан үш жарым мың жыл бұрын өмір сүрген кипрлік аңшылар емес, XVI – XVII ғасырдағы Қазақ хандығының қазақтары жазды десе, ешкімнің де күдіктенбесі хақ. Таңданарлық та, ойланарлық та дүние!**

Ал бұған не дейміз? Сонда гректерден де бұрын Кипрді мекендей, бір тілде сөйлеп, бір жазумен жазу жазып жүрген этеокипрліктер кімдер? **Х. ә. дейінгі XV ғасырда «Сызықты А жазуымен» жазылған жазуларда бүгінгі XXI ғасырдың қазақтары**

түсінбейтін бір сөздің болмауы қалай? Біреу емес, екеу емес, жүзден астам (124) осыншама көп сөздің бәрінің дыбысталуының да, берер мағынасының да, бүгінгі қазак тілінің сөздік қорындағы сөздермен бірдейлігін көзben көріп тұрып, әдеттегідей мүмкін емес деп, қолды бір сілтеп, қоя салуға бола ма? Ой жүйесі, мазмұн, мағынасы ше?! Басканы қойғанда, кездейсок ұқсас сөздердің жоғарыдағыдан: «*Ана әрі кетсе, тон тігеді, пана болар әр ата оқ жонады*», болмаса «*аң атасы туса, садағыңды болек қойма. Сақ бол, анаң екі қайра тумайды*» секілді мағыналы тұтас тіркестерді құрауы мүмкін бе?

Фажап! Кімді болсын ойландыратын-ақ жағдай. Бірақ, өкінішке қарай, А. Айзахметовтың бұл жаңалығына кешегі совет елінде елең еткен бір жан болған жоқ. Жас зерттеушінің көзмайын тауысып, сан жылдарды сарп еткен есіл еңбегі әуесқойдың ермегі ретінде бағаланып, жайына қалды. Талдап, таразылап, шынайы бағасын беруге тиіс кәсіби мамандардың, ең болмаса, біреуі назар аудармады, үн қатпады.

Еріксіз ойға қаласың. Бұл не? Ғылымға, тарихқа жаны ашымаудың көрінісі ме? Әйтпесе, жылт еткен жаңалықты жерге түсірмей, іліп әкетіп, ғылыми шынайы әділ бағасын беру; дұрыс болса, қолдап, өріс ашу; бұрыс болса, катесін айтып, жөн көрсету – кәсібілердің кәсіби міндеті, білімділік парызы емес пе?! Ең өкініштісі, мыңжылдықтар тозаны көміп, ұрпактың есінен шығарып, ұмыттырған; бұл күнге тек қомиған құмтөбелерге айналып жеткен бұлардан да бұрынғы ежелгі көне өркениеттердің орынын тауып, соларды қазғаннан табылған заттық айғақтарға жан бітіріп, жазуын оқып, сөзін тірілткендердің көбі негізінен осы «әуесқой» деп аталатын білуге құштарлар, жанкешті ізденімпаздар екенін көрсеткен әлемдік тәжірибелі де ескере алмадық. Мысалы, өз заманының аса ірі шығыстанушы ғалымы Сильвестр де Саси Африка иеролифтерін оқы алмай: «Разгадка иероглифов? Это слишком запутанная и научно неразрешимая проблем!», - деп күдерін үзіп түнілігенде, сол секілді белігілі кәсіби мамандар Де Сен Никола ол жазуларды «тек әшекей өрнегі» («простыми орнаментами», ал Александр Ленуар: «иероастрономия ғылымының» символы» («символами иероастрономической науки»,- деп танып, «ғылыми» тұжырымдарын жасап, жазу тағдырын шешіп «тындырып» қойғанда, он жеті жасар Жан Франсуа Шампальон Гренобль академиясының мүшелерінің қолына құпия жазудың кілтін ұстатқан әуесқой ізденушінің бірі ғана еді ғой. Тек осы Ж. Шампальонның ашқан жаңалығынан кейін ғана

фараондар заманындағы Египет тарихын танып, білу мүмкіндігі ашылды емес пе?!. Немесе, кезінде Александр Македонскийдің афиналық көңілдесі Таис сұлу өз қолымен өртеп жіберген парсы патшаларының әйгілі резиденциясы болған Персепольдағы Сарайдың қираган үйіндісінен кейін дат Карстен Нибур беймәлім жұмбақ жазу тауып, көшірмесін жариялағанда, соны ешкім оқи алмағаны, ал есімі ғылыми ортаға көнінен таныс атақты ориенталист Гайдтың де Сен Nicola құсап, мұны барлық-жоғы «тасқа салынған қарапайым өрнек» деп танығанына қарамастан, осы жазудың алдымен алғашқы тоғыз әрпін танып, артынан оның толық оқылуына жол ашқан Генри Фридрих Гротефенд деген әуесқой ізденушіміз бары мектеп мұғалімінің көмекшісі ғана болатытын.

Сол секілді бұл қунде тарихшыларымыз қөнепарсы тарихын жазғанда жазба дерек ретінде пайдаланып жүрген Бехистун тауындағы тасқа кашалған, Дарий патша жаздырған, уш тілде жазылған жазудың көшірмесін 56 метрлік биіктеге арқанға асылып тұрып қағазға түсіріп, аудармасын жасаган адам ағылшын армиясының майоры Генри Кросвик Раунсон да кәсіби маман емес, әуесқой көп қызығушының бірі ғана-тын.

Осыған орай еске түседі, әскери қызметін өтей жүріп, өзінің әуесқойлығымен Үндістанның көне храмдарының бірінің абызынан тастақшайларға жазылған көне символдық жазу белілерін оқып, талдай білу арқылы х.э. бұрынғы 12 000 жылдар шамасында болған орасан зор табиғи апаттың салдарынан Тынық мұхиттың суының астына кеткен ежелгі Му континентінің тарихын әлемге алғаш жариялаған Джеймс Черчвард та осы ағылшын әскерінің полковнигі еді.

Білуге құштар ізденімпаздықтарымен әлемдік жаңалықтар ашқан, ашылуына себепкер болған мұндай әуесқойлардың осылармен шектелмейтіні тағы аян. Мексикадағы Юкатан храмдарының үйінділерін қазып, Америка үндістерінің тарихын тануға үлкен үлес қосып, Африка мен майя иероглифтерінің байланысын зерттеген әуесқой археолог Огюст ле Плонжо мен майя халқының тілінің түріктілдестер тобына жататынын алғаш әлемге жариялаған Отто Реригтердің де кәсіби мамандықтары дәрігер болатын. Атын атып, түсін түстеп, санамалай бастасақ, әлемдік жаңалықтың авторы болған мұндай әуесқойлар қазірде әлде де баршылық. Алда да әуесқойлар таралынан қаншама жаңалықтар ашыларын кім білген. Білсем деген ізденпаз жаңға тарихтың әлі қунғе танылмай жатқан құпиялары аз ба?! Басқаны айтпағанда, х.э. дейінгі 3100 жылдары пайда болған деп

саналатын шумер жазуларының да, х.э. дейінгі 1800 жылдары Египетті билеген көшкінші халық гиксостар жасаған египт жазуының да, х.э. дейінгі 1500 жылдары қазіргі Италия жерінде алғашқы өркениетті жасаған этруск жазуының да, V-VI ғасырлардағы Орталықазиялық сактар жазуының да, VI-VII ғасырда Шығыста дәүірлек түрктердің (*Орхон-Енесей*) жазуының да әліп билерінің 26 әріптен тұратының өзі бұл жазулардың арасында өзара тығыз байланыс, сабактасқан жалғастық барын айғақтаса керек. Осының да себеп-салдарын ертен бір әуескій зерттеуші ашпасына кім кепіл?

Әтеокипр жазуын өзінше оқып, құпиясын ашуға ұмтылған қазақстандық жас зерттеуші А. Айзахметов та жоғарыда аты аталған әуескійлар секілді жаңалыққа жаңы құштар, ізденпаз журналист жігіт еді. Бірақ оның жаңалығы совет ғалымдарының менмен енжарлығымен ескерілмей елеусіз қалды. Бұған «түрк халықтарын VI ғасырда пайда болған жас халық» деген тұжырымның да шалғы тигені сөзсіз.

Мұның бәрі, сайып келгенде, қазіргі таңда еуропалық таным-түсінік қалыптастырыған қағиданың ізімен салпақтай бермей, бүгінгі жетілген ғылым жетістіктері нәтижелеріне сүйене отырып, естен өшкен ескі замандарда өмір сүрген ортақ ата-баларымыз жасап кеткен ежелгі өркениет тарихын жаңаша пайымдаудың уақыты туғанын дәлелдесе керек. Бұл ретте ежелгі өркениет тарихын еуропалық емес халықтардың да өз таным-түсініктері негізінде зерделеп, төл болмысын өздерінше танып-білуі ерекше маңызды қажеттілік.

Осы қажеттілік тұрғысынан алғанда, түрік текстес халықтардан шыққан зерттеушілердің өз халықтарының түпкі тегін бергі кезеңнен таратқан ресми тарихтың тоғышар өзімшілдігімен келіспей, көне замандардың тұнғиық тереңінен іздестіруін заңдылық деп таныған және оған барынша қолдау көрсеткен жөн. Біздің пайымдауымызша, олардың бұл бағыттағы қазіргі таңдағы ізденістері нәтижесіз де емес. Көпшілікке белгілі ортақ деректер арқылы жасалған жоғарыдағы өз ой топшылауарымызды да осыған айғақ деп білеміз.

Қалай болғанда да, ресми тарихтың ежелгі өркениет ошағы болған өнірлерге сырттан келген халықтардың (*тайпалардың*) бірде-біреуінің не шыққан тегін, не сейлеген тілін анықтамай, бәрін бірдей терістіктен жаугершілікпен келген белгісіз халықтар қатарына қоса салуы шындыққа да, ғылымға да қиянат секілді. Өйткені кезінде болған, болып қана қоймай, айтарлықтай ұлken өркениетке қол жеткізіп, ұлы мәдениет тудырыған халықтардың бәрінің бірдей артында мұрагер үрпақ қалдырмай із-түзсіз жоғалып, «белгісіз

халықтарға» айналып, жер бетінен ғайып болуы мүмкін емес қой. Оның үстіне ресми тарихтан сол ежелгі өркениет ошағы болған өнірлердің байырғы тұргындарының із-түзсіз ғайып болып, елжүртсыз қаңырап бос қалғаны жөніндегі деректі де еш жерден кездестірмейміз. Есесіне қайнаған тірлікті, бір-бірімен сабактаса жалғасып, өсіп-өркендеп жатқан өркениетті, көркейіп жатқан мәдениетті көреміз.

Мысалы, ресми тарих дерегі бойынша жоғарыда сөз болған шумерлер Месопотамияға (*Ефрат пен Тигрдің аралиғына*) х.э. дейінгі төртінші мыңжылдықтың ортасында келіп, бұл жерлерді семиттерден жаулап алды делінеді. Содан 1500 жыл бойына осы өнірде шумер мәдениеті үстемдік етеді. Тіпті, бұдан кейін де шумер тілінің халықаралық қатынаста қолданыстан шығып қалмағанын айфактар деректер бар. Бұл ретте әлем халықтарының жазу тарихын жан-жақты зерттеген, жоғарыда айтылған, белгілі тілтанушы ғалым Д. Дирингер: «Шумерский язык, выйдя из употребления как язык разговорный еще в XVIII в. до н.э., продолжал существовать на протяжении еще многих столетий как язык культа и литературы. Более того, на протяжении всего времени существования клинописной системы шумерский язык продолжал оставаться обязательным элементом образования вавилонян, ассирийцев, хеттов и других народов» [1, 68] - деген дерек береді.

Міне, осындай халықтың (*шумерлердің*) халық ретінде із-түзсіз өшүі, тіпті дәурені өткеннен кейін де бірнеше ғасыр бойына акгад тілімен бір өнірде жарыса қатар өмір сүрген оның тілінің «белгісіз халықтың» тіліне айналуы мүмкін бе? Сол есте жоқ ескі заманның өзінде мифтерден, гимндерден, эпостардан құралатын дамыған әдебиеті болған халықтың тілін жалғасын таптай, біржола жойылып кеткен деу үшін де бір негіз керек қой. Сондай-ақ зерттеуші тілші ғалымдардың бәрі бірдей шумер тілін агглютинативтік тіл тобына жатқыза тұрып, оның қазіргі заманда бар халықтардың агглютинативтік тілділерімен салыстыра зерттелмей, «ұндиевропалық тіл емес» деген жалаң тұжырыммен жылы жауып қою да ғылым талабына жатпаса керек.

Себепсіз салдар болмайтыны шындық болса, мұның себебін де, салдарын да, алдымен, кезінде европалық емес халықтардың тарихы мен тіліне тиісті мән бермей, оларды зерттеу аясынан тыс қалдырған европалық өсіременмендіктен іздеген жөн. Бірнеше ғасыр бойына ғылымға үстемдік еткен еуроцентристік көзқарас адамзат тарихына

бірдей тен дәрежеде еншілес болуға тиісті халықтарды жікке бөліп, оның бір бөлігіне «көшкіншілер» деп ат қойып, айдар тағып, жабайы тағылардың катарына жатқызу арқылы оларды түгелдей бастау тарихсыз қалдырыды. Соның салдарынан әрқайсысы өз алдына жеке-жеке халық болып жүрген олардың кейінгі ұрпақтарының ешқайсысының қайдан шыққаны, қазіргі тарихқа танылған мекендеріне қайдан келгені, қай нәсілге жататыны, қай тілде сөйлегені анықталмай, жұмбақ күйінде қала берді. Сол себепті бүгінгі ұрпаққа олардың тек жазу-сызуы ертерек дамыған ежелгі көршілерінің тарихы арқылы жеткен аттары ғана белгілі. Бірақ олардың бірде-біреуінің оған дейінгі бастау тарихы белгісіз. Өйткені олардың бүкіл тарихы сол жазба дерекке аты іліккен күннен ғана басталады. Мысалы, бастау тарихы бүкіл адамзат баласының бастау тарихынан тамыр тартып, бері қарай тарқатылуға тиісті түрік халықтарының тарихының артық-кемі жоқ, тұп-тура х. э. кейінгі 545 жылдан (*VI ғасырдан*) басталуы осы айтылғандардың нақты айғағы. Өйткені 545 жыл - бар болғаны түрік атауының қытайдың Вей (Вій) патшалығының жылнамасына алғаш іліккен жылы.

Кезінде ғылымда орын алған осындай сынаржақтық ежелгі өркениет ошағына от жакқан байырғы халықтардың бөрін бірдей «белгісіз халықтарға» айналдырып жібертіп отыр. Егер олай болмай, бұрынғының өзіндей, көненің көзіндей болып кейінгіге жеткен әр дерекке шынайы ғылым талабы тұрғысынан келіп, жан-жакты зерттеу жүргізілгенде, әлем халықтарының тарихы бұл күнде басқаша жазылып, бүгінгі жер бетінде өмір сүріп жатқан әр халық өздерінің қайдан шыққанын, қазіргі мекендеріне қалай келгенін, атабабаларының кім болғанын өз мәнінде танып-білген болар еді. Олай дейтініміз, мысалы, зерттеуші ғалымдар ресми тарих қылыштастырған түсінік бойынша қытай жылнамаларында аты алғаш атаптастырылған түрік халықтарын «VI ғасырда Алтайда пайда болған жас халық» демей, ежелден бар көне халықтардың бірі деп ұққан болса, онда, сөз жоқ, ежелгі мәдениетті жасаушылардың арғытүріктер (*прототүріктер*) болу мүмкіндігін де ескермей қалмас еді. Бірақ ресми тарих қылыштастырған сана оған мүмкіндік бермеді. Тарихшыларда да, тілшілерде де «кол заманда түріктекес, түрік тілдес халықтар болды» деген ұғым болған жоқ. Ондай ұғым болғанда, көнеден жеткен дереккөздерін былай қойғанда, сол көне замандардан аты белгілі болған халықтардың халықтық атауларының (*этнонимдерінің*) шыққан төркінін (*этимологиясын*) анықтау арқылы

да біраз шындыққа кол жеткізер ме едік, қайтер едік?! Осы орайда, сөзге салмақ ретінде, қазіргі танда біраз түріктанушылар түріктің су және ер (*суб-ер*) немесе су және жер (*суб-йер*) деген сөздерінің бірігуінен шыққан деп таныған *шумер* атауынан басқа осы атаумен өрелес ежелгі халықтың кейбір атаулардың байырғы түрік тілі тұрғысынан төркіндеп көрелік.

**Арамей.** Ғылымда бұл атаудың қай тілде не мағына беретіні де, осы атаумен аталған халықтың мекендерген әуелгі ата қонысы да белгісіз. Тек әдеттегідей терістікten келген ежелгі халықтардың бірі делінеді. Ресми тарихта бұл атаудың х.э. дейінгі III мыңжылдықтың екінші жартысындағы аккад жазбаларында халықтың атау ретінде *A-ra-am* түрінде ұшырасатыны айтылады. Зерттеуші ғалымдар мұның да атау ретінде де, жеке сөз ретінде де не мағына беретінін талдап, таратып бере алған жоқ.

Таураатта бұл атау белгілі бір этникалық топтың және солар мекендерген өнірдің аты ретінде «Арам» деп аталады (*Кн. Бытия*, гл. X). Мұндағы халықтар тізбесінде «Арам - арамейлердің атасы Симнің (Самның) баласы» деп көрсетілген.

Ал ежелгі гректер «Арам» және «арамей» ұғымдарын беру үшін олардың орынына «сирия» және «сириялық» деген терминдерді қолданған. Ежелгі еврейлерде де осы түсінік. «В раввинистической литературе, где термин «арамейский» означает «языческий», так как языческое окружение евреев говорили по-арамейски, евреи предпочитали называть арамейский язык, на котором они говорили сами, греческим названием - «сирийский» [1, 302]. Зерттеушілер мұндағы «сирия», «сириялық» терминін «Ассирия» және «ассириялық» деген байырғы атаулардың қысқарған түрі деп есептейді.

Осы айтылғандарды ой таразысына салып, пайымдап көрсек, арамейлердің тегі анық танылмағанымен, осы «арам», «A-ra-am», «арамей», «сирия», «ассирия» ұғымдарының негізінде бір ортақтық барын аңғару онша қындық туғызбайды. Олай болса, бұл олардың түпкі жаратылыс тегі бір ортақ діңнен өнген бұтактар екенін және ол діңнің басқа емес, ежелгі түріктер болуы мүмкіндігін осы халықтың атауларды этимологиялық тұрғыдан талдау арқылы көз жеткізуге болатын да секілді.

Мұндағы «aram» мен «A-ra-am» жаратылыс тегі бір сөз. Айырмашылық тек аккад жабасындағы буынга бөлініп жазылғанды Таураатта біріктіріп жазғандық қана. Бұл атау ежелгі түріктің «ара»

және «ам» деген екі сөзінің бірігуінен құралып, «аралық аңгар», «аралық қуыс» деген ұғымға ие. Мұндағы: «Ара» – түрік тілінде *екі заттың ортасы, аралық, екі ара*, ал «ам» – қуыс, үңгір, аңгар деген ұғымдарды білдіреді. Сонда «Арам» – әуелде белгілі екі елдің арасында жатқан аңгардың (жердің) атауы ретінде танылып, кейін халықтық атауға, яғни топонимнен этнонимге айналған атау болып шығады.

**Арамей** - «А-та-ам» сөзінің семит тілінде айтылуы ғана. Осы орайда текстестік жағынан ұқсас «**Элам**» халықтық атауының да «аңгардағы ел», «куыстағы ел» деген мағынаны білдіретін ежелгі түрік сөзі екенін де айта кетсек артық болмас. Кейбір зерттеушілердің элам тілін ежелгі түріктердің тілдік жүйесіне жатқызатыны да жайдан-жай болмаса керек.

**Ассирия** – ежелгі түрік тілінде «Ас бірлестігінен шықкан сыр халқының мекені» деген мағананы білдіреді. Мұндағы:

**Ас** – Жерорта теңізі төнірегін мекендеген, осында пайда болған ежелгі өркениеттің негізін қалаушы байырғы халықтың атауы. (*Ас халықтары жөнінде алғашқы тарауларда айтылды да. К.С.*). Әлемге әйгілі «Азия құрылышы» да осы ас халқының атымен аталады, «астың елі», «астың мекені», «астың үйі» деген мағынада. **Сыр** (сир) – ежелгі түрік тілінде: *мыс, қорғасын, алтын, темір* деген ұғымдарды білдірген. Бұл сөз көне түрік тілінен коми, мокша-мордва, чуваш тілдерінен енген, қазір де осы мағынада қолданылады [6]. Әйгілі Түрік қағанатын құраган халықты Тоныкөктің «Түрік-сыр» халқы деп атауы да олардың Жужан қағанатының «темір өндіруші құлы» болып жүрген кезінен хабар береді. Сондай-ақ осы “түрік-сыр” халқы жауап алғаннан кейін Інжу-дарияның аты Сыр-дарияға айналған. Бұл Сыр-дария гидрониміндегі *сыр* да сол алтын, құміс, темір деген мағынада.

**Ия** – түріктің «ұя» деген сөзінің басқа тілдегі өзгеріске түскен түрі. Ежелгі түріктердің «отырықшылар мекені» дегенді білдіретін осы «ұя» сөзі қазір барлық елдің атына «ия» түрінде тіркеліп, «мекен», «үй», «ел» («страна») деген ұғымда қолданылады. Испания (испандардың үйі, мекені, елі), Албания (албандардың үйі, мекені, елі), Грекия (гректердің үйі, мекені, елі), және т.б.

Жалпы тек бұлар ғана емес, ресми тарихта шыққан тегі «белгісіз халықтар» тобына жатқызылған ежелгі ел-жүрттардың бәрінің бірдей болмаганымен, басым көвшілігінің халықтық атауларын осылайша түрік тілдері негізінде тарқата талдап түсіндіруге болады. Мұның

солай екеніне осы бағытта арнайы зерттеулер жасап, жан-жақты дәлелдеген татар ғалымы М. З. Закиевтің («Происхождение тюрков и татар». 2003), қазақ А. Айзахметовтың («Рождение тюркского мира». 2004), орыс Ю.Н. Дроздовтың («Тюркская этнонимика древнеевропейских народов» 2008) және т.б. осылар секілді ғалымдардың енбектері арқылы да көз жеткізуге әркімнің де мүмкіндігі бар. Біздің негізгі мақсатымыз түрік халықтарының ресми тарих ғылымы қалыптастырығанындағы, беріде пайда болған жас халық емес, сан мынжылдықтарды құрайтын бай тарихы бар, ежелден келе жатқан көне халықтардың бірі екенін танып-білуге көне жазулардың да үлес қоса алатынына зерттеушілер назарын аударып, ой бөлісу болғандықтан, әңгімені әрі созбай, жоғарыда келтірілген мысалдармен ғана шектелуді жөн көрдік. Ортақ тарихымызды шынайы төл болмысында тануға ынталы жандар үшін осы айтылғандардың өзі де біраз ойға азық, ізденіске бағыт берер деген үміттеміз.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Дириңгер Д. «Алфавит». Издание третье. М. 2008.
2. Сулейменов. О. О. «Аз и Я» Алматы. 1975. стр. 191-192; «Тюрок до истории». Ал. 2002 стр. 186-210.
3. Черчварт Д. Древний континент Мұ. Прапородина человечества. М., 2012.
4. Артоновский С. Н. Историческое единство человечество и взаимное влияние культур. – Л. 1967. стр. 19.
5. Айзахметов А. Рождение тюркского мира. Тараз. 2004. с.278.
6. Советская тюркология. № 100.

(Соңы)

---

---

## **ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ДІН**

---

---

ӘОЖ 108:109.2(584 5)

### **ЖУСІП БАЛАСАҒҰНЫҢ «ҚҰТАДГУ БІЛІК» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК ЖӘНЕ ИСЛАМДЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ ҰСТАНЫМДАРЫНЫҢ МӘДЕНИ- РУХАНИ СИПАТЫ**

**YUSUF BALASAGUNI IN THE WORK " KUTADGU BILIK "  
PRINCIPLES OF TURKISH AND ISLAMIC WORLDVIEW,  
CULTURAL AND SPIRITUAL CHARACTER**

**Г.Ә.ШАДИНОВА\***

#### **Түйіндеме**

Мақалада ортағасырлық түркі ойшылы Жұсіп Баласағұның «Құтадғу білік» шығармасының тарихи, әлеуметтік, мәдени алғышарттарына жүйелі түрде тарихи-философиялық талдау жасалып, оның философиялық көзқарастарының қайнар көздері түркі және ислам дүниетанымының өзара кірігі қарастырылды. Ойшылакының дүниетанымдық көзқарастарында ислам мәдениетінен нағар алған түркі философтарының ислам әлемімен мәдени сұхбатына негіз болатын - түркілік-исламдық рухани құндылықтарды накты іс жүзінде әлеуметтік салада колданудың алғаш моделі жасалынды. «Құтадғу білік» шығармасы арқылы Жұсіп Баласағұн түркі халықтарының жазба әдебиетінің негізі - түркі тілінде философиялық ой кешу үрдісін қалыптастыруды. Сондыктан поэтикалық формадағы үлгілерді ұсынып, курделі сипаттағы образдарды ашу әдісі шығыстық дүниені түсінудің өзіндік ерекшелігі екендігін түжірымдауға болады

**Кілт сөздер:** түркі, ислам, қарахан, дүниетаным, тәңірлік, философия, Жұсіп Баласағұн.

#### **Summary**

This article while investigating historical, social cultural works of Turkic thinker Yusuf Balasagun, it was found out the interrelation of philosophical outlooks of Turkic and Islamic world. By means of creative work of Yusuf Balasagun «Kudatgu Bilik» have been united in one uniform Turkic and Islamic outlook and for today value of this work has great importance. It became known that in outlook of Yusuf Balasagun that Islamic the culture was spread among Turkic people was the basic theme among the philosophers Turkic world. Also it became known that Yusuf Balasaguni was the founder of model of use Turkic and Islamic of spiritual values which have begun to adhere in social sphere.

**Keywords:** Turkic, Islamic, in Karahan, outlook, God, philosophy, Yusuf Balasaguni.

---

\*  
философия ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрк университеті, Түркістан-Қазақстан.  
Candidate of Philosophical science, Associate Professor, International Kazakh-Turkish University named Ahmat Yassawi. [Shadinova.G@mail.ru](mailto:Shadinova.G@mail.ru)

## **Г.Ә.Шадинова. Жұсіп Баласағұның «Құтадғу білік» шығармасындағы...**

Қазіргі заманда үлкен этносаяси, этномәдени кеңістікті алып жатқан түркі тілді елдер өркениетінің өткені болып саналатын орта ғасырларда әр түрлі әлеуметтік-мәдени үрдістер жүріп отырган. Өзіндік өркениеттік белгілері бар қалалар салғанымен түркі тайпалары дәстүрлі мәдениеттің үстемдік еткен заманында негізінен көшпеліліктің қасиетін танытатын өмір салтын ұстанғанын байқаймыз. Осындағы дәуірдің өзіндік тарихи келбеті халықтардың ерекше этникалық мінез-құлқын, дүниетанымын танымдық үлгілерін қалыптастырыған болатын.

Тарихи маңызы бар орта ғасырлық ірі қалалар кейде көркейіп, кейде басқыншылық соғыстың нәтижесінде қирандыларға айналғаны да тарихи дерек болып табылады. Қоғамның дамуында әлеуметтік әділетсіздік те көрініс бергенін де жасырмау керек. Ал ондай үрдістерге қоғамдағы қарсылық негізінен даналықты өздерінің дүниетанымының іргетасы, рухани қалпы еткен тарихи тұлғалардың шығармашылығынан, іс-әрекеттерінен байқалды. Солардың қатарына орта ғасырлық данагәй ойшылдардың көбісін жатқызуға болады. Түркілік негізіне күмән туғызбайтын Жұсіп Баласағұн өзіндік дүниетанымын, танымдық талпыныстарын осы қатарға толық қосуға болады деген ойдамыз.

Заманауи тіршіліктерді сараптай отырып жалпы отырықшы халықтарға қарағанда көшпенділер жауынгерлік рухқа, жаугершілікке бір табан жақын болғаны жайында және содан туындастырылған олардың қоғамның даму үрдістеріндегі тарихи миссиясы жайлы әр түрлі ғылыми бағалаулар бар. Мәселен, Орталық Азиядағы жауынгерлік рухтағы көшпелі халықтардың отырықшы елдерге шапқыншылықтар жасауы үлкен кеңістіктегі тарихи үрдістердің пәрменді дамуына түрткі жасап, тарихи өзгерудің бір тетігіне айналып отырғаны туралы зерттеушілер арасында пікірлер кездеседі [1, 62]. Мәдениеттердің өзара ықпалдасуы жаңа мәдени үлгілердің пайда болуына, тұлғалардың өзін интеллектуалдық тұрғыдан танытуына әкелетіні де байқалады. Сондықтан философиялық ойлаудың халықтың этникалық және тарихи болмысында өзіндік формасы қалыптасады.

Орталық Азияда ірі феодалдық мемлекет болып танылған Қарахан мемлекеті X ғасырдың екінші жартысында аз уақытта шығыстағы Іле өзенінен бастап, батыстағы Амудария өзені аралығындағы үлкен аумақты жаулап алды. Қарахан мемлекеті өз

кезінде ең құшті және дамыған мемлекет болып есептелді. Қарахан мемлекетінің тарихындағы ең маңызды мәдени құбылыс, бұл X ғасырдың ортасына қарай олардың ислам дінін қабылдауы болды [2, 3].

Исламның таралуының бірінші кезеңінде Орта Азия мен Иранда қарама-қайшылықтар көптеп кездеседі. Мұның өзі исламның ішінде пұтқа табынушылардың қозғалыстарына әкеліп соқтырды. Сейтіп қарахандық түркілерді исламдандыру әрекеті және ислам идеологиясының біртіндеп ену үрдісі қатар жүрді. Екі түрлі дүниені пайымдау арасындағы синтез жүзеге аса бастады. Оның кейбір көріністері қазіргі заманда да байқалады.

Қарахан кезеңіндегі түркі халықтарының мәдениеті көршілес елдердің мәдениетімен ете тығыз байланыста өркендеді және шығыстың рухани даму өрісінен артта қалмады. Бұл жерде әңгіме жеке құбылыстар жайында емес, осы жердің мәдени тарихына бойлай енген қоғамдық маңызы зор мәдениет туралы болып отыр. Бұл жөнінде «тек арабтар мен парсылар ғана емес, түркілер де өз халқының, мұсылман жүртінің, жалпы әлемдік мәдениеттің дамуына елеулі үлес қосқан» деген Г.Э. Фон Грюнебаумның орынды ескертпесін айта кеткен жөн [3, 122]. Қарахандықтар өздерінің алдындағы саманилерден үлгі алғып, көркем өнер мен сауданың өсуіне қамкорлық жасап, керуен жолдарының жүйесін әбден жетілдірді. «Қарахандықтар өздерінің тарихи өмірлерінде сөзсіз, әр жақтың мәдени ықпалында болды, бірінші шығыстан – қытайдың, ұйғырдың және мұмкін, соғдылардың, ал Мауараннарды жаулап алған соң – парсы мәдениеті мен жергілікті дәстүрдің ықпалына қатты ұшырады» [4, 102]. Қарахан дәуірінде егіншілік, мал шаруашылығы, қолөнер және сауда гүлденіп, елдің экономикасы барынша дамыды. Бұрынғы қалалар көркейіп, жана қалалар жарыққа шықты. Қала мәдениеті өркен жайды. Сол заманың авторлары Тараз қаласын, Исфиджапты «бүкіл дүние жүзі саудагерлері үшін кен бұлағы» деп мадақтады [5, 79]. Сауданың өркендеуіне байланысты ақша айналымы дами түсті. Тіпті жеке қалалардың өз ақшалары болды. Арыс өзенінің орта саласынан табылған қарахандықта заманының бір құлаған қаласының көмбесінен Алмалықтың, Тараздың, Отырадың, Самарқаның, Бұхараның, Қоженттің, Шаштың (Ташкенттің), Қашғардың және басқа қалалардың құйған ақшалары табылған.

X-XII ғасырларда Қарахан мемлекетінде сәулет өнері дамып, тамаша табыстарға жетті. Жетісү өнірі мен Сырдария алқабында

## **Г.Ә.Шадинова. Жұсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасындағы...**

сақталған Айша Бибі күмбезі, Аяқкамыр, Алашахан күмбезі, Талас қаласындағы Әулие ата Қарахан мазары, Бабаша Хатұн күмбезі, Сырлытам, Талас өзеніндегі Тас көпір, Тараз моншасындағы су құбыры және олардағы сан алуан ою-өрнек, нақыштар Қарахан дәуіріндегі өнердің озық үлгілері саналады. Қарахан дәуірінде ғылым, мәдениет барынша гүлденіп жоғарғы дәрежеге жетті. Бұл мәдениеттің батыс иеліктері басты орталығы Самарқан және Бұхара қаласы болды. Бұл екі қала бұдан бұрын ислам мәдениеті өрбіген ірі орталықтар болып келген еді. Ал шығыс иеліктері осындағы негізгі мәдениет орталығы Қашғар мен Баласағұн қаласы болды.

Қарахандар дәуірінде Орта Азияны мекендеген түркі тілді халықтардың мәдениеті марқайып, дами тұсті. Бұл дәуірде әлемге әйгілі Жұсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасы мен Махмұд Қашғаридың «Диуани лұғат ат-түрк» деген шоктығы биік шығармалар жарыққа шықты.

Түркі қағанаты идеологиясының ең биік шыны және өзегі тәнірлік дін болған еді. Ал ислам дінін қабылдап, оны мемлекеттік дін деп жариялаған қарахандықтар дәуірінде олардың өз идеологиясы қалыптаса бастады. Жұсіп Баласағұн өзінің шығармашылық қызметі арқылы тәнірлік діннің ұстанымдарын исламның мемлекеттік құрылымымен және құқықтық нормалармен ұштастыра отырып, Түркі қағанатында қалыптасқан идеологияны реформалау міндетін мойнына алды. Жалпы Орталық Азия мен далалық аймақтық түркілік әлемін исламдандыру XIII ғасырда басталып, XV ғасырда аяқталғаны белгілі. Бұл аса күрделі тарихи үрдісте ақын-философ Жұсіп Баласағұнның қосқан үлесі орасан зор деп білеміз. Айтальық, ислам діні далаға мұсылман өркениеті мен парсы мәдениетін әкелді дейтін болсақ, исламдық мазмұнды парсылық поэзия түрімен жырлаған Жұсіп Баласағұнның «Құтадғу білігі» түркі тілді әдебиеттің биік туындысына айналғаны даусыз.

Жұсіп Баласағұн бар ынтасымен қызмет еткен Қарахандықтар мемлекеті көне түркі мемлекеттілігінің көптеген дәстүрлерін одан әрі жалғастырган саяси бірлестік болды. Бұл жерде дәстүр сабактастығының сақталып отырғандығын аңғарамыз. Бұл сабактастық қоғамдық өмірдің көптеген салаларын қамтығандығы ақиқат. Міне, осы ақиқатты «Құтадғу біліктің» мазмұнынан танымыз. Шығармада түркілік поэзия мен идеологияның сабактастығы айқын білінеді. Ол сабактастықтың бірден көзге шалынатыны – шығармадағы негізгі кейіпкерлерінің есімдері Күнтолды, Айтолды түрінде көкке табынған

түркілерге тән ерекшеліктермен аталды. Осы жерде Жұсіп Баласағұн дүниетанымындағы түркілік-исламдық синкретті құбылысты аңғаруға болады. Қарахандық қоғамда тәрбие алып, араб ғылымы мен мәдениетінен сусындаған автор исламдық ортодоксалды ұстанымдарға қарамастан маңызды идеологиялық жүк арқалаған «тәнірі» ұғымын шығармада жиі қолданады. Бұл жерде ақын араб-парсы поэзиясының түрлік, мазмұндық өлшемдерін түркілік-пұтқа табынушылық поэзияға сінірумен шектелмей, тәнірлік дінді ұстанған түркі дүниесінің көзқарастар жүйесін, дәстүрлі дүниетаным ерекшеліктерін шығарманың өн бойына таратуға бағыт ұстайды. Бұндай әдебиетшілік негіз Жұсіп Баласағұнның екі өркениеттің мәдени жетістіктерін шебер жымдастырып, танымдық тұрғыда тың нәтижелерге қол жеткізе алған. Жұсіптің орхон-енисей жазбаларының мәтінінде берік орын жогары екпін, шешендік сипаттағы сұраулар тәсілдері жогары баяндауына көтерінкі сезімдік тон береді. Орхон-Енисей жазбаларындағы тақырып пен сарындардың жиі қайталануы Жұсіпке ғана тән емес, бұл тәсілді Махмұт Қашғари да «Диуани лугат ат-түрік» еңбегінде жиі қолданады, тіпті онда Құл-Тегінге арналған үлкен жазбадағы нақты бейнелер мен поэтикалық тұлғалар тұтастай қайталанады.

«Құтадғу білік» дастанының өн бойында ислам дінінің дүниетанымдық канондарымен бірге Тәнірлік дүниетанымының сарындары да қатар өріліп отырады. Өйткені, исламға дейін көшпелілер қоғамының рухани тірегіне айналған Тәнірлік дін қысқа уақыт шегінде халықтың жадынан шығып кетуі мүмкін емес еді. Осыған байланысты А. Сейдімбековтың мына тұжырымына ден қоюға болады. Ол қазақ халқының үш жүздік құрылымына экожүйелек сабактас шаруашылық жүйесі де, оларға қоса кеңістік пен уақытка қатысты Тәнірлік дүниетаным да елеулі ықпал жасағандығын айтады. «Тәнірлік дүниетаным, наным-сенім әрісі көшпелілер үшін, берісі түркі тілдес халықтар үшін дін ғана болып қоймаған ең алдымен өмір салтына айналған. Себебі, Тәнірлік наным-сенімнің өзекті постулаттарының негізінде табиғатпен тіл табысу идеясы бел алып жатады. Ал, көшпелілер үшін табиғатты бағындыру емес, табиғатпен тіл табысу өмір сүрудің кепілі еді. Тәнірі көшпелілер ұғымында шексіз көк аспан, Мәңгілік танымның обьектісі, сонымен бірге ақырына дейін танып болмас ғарыш. Яғни, Тәнірі көшпелілер үшін, өзге діндердегідей адам кейпіне айналмаған (персондалмаған)» [6, 89], - деген ғалымның пікірі Жұсіп Баласағұнның ғарыштық танымынан туған өлең жолдарының негізділігін қуаттай түседі.

## **Г.Ә.Шадинова. Жүсіп Баласагұнның «Құтадғу білік» шығармасындағы...**

Көшпелілердің дүниетанымында Тәнірі көк аспан, шексіз әлемнің ең құдіретті жаратылысы Күн болып саналса, Жүсіп қоғамның тұрақтылығы мен бірлігінің және жасампаздығының нышаны ретінде «әділетке «Күнтоғды еліг» атын беріп, патша орнына қояды».

Ал халықтың тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпында осы дүниетанымның реликт түрінде сақталған нышандарын бүгінгі күнде келін түскенде отқа май қю, баланы бөлерде бесікті отпен аластаяу рәсімдерінен көреміз [6, 89].

Міне, осында үрдіс барысында ғасырлар бойы ислам жергілікті нағым-сенімдер және салт-дәстүрлермен кірікті. Солардың бірі ислам қағидаларында жоқ ата-баба аруағына сиыну дәстүрі исламданған жергілікті халықтық тұрмыс-салт нормаларының біріне айналды.

Оңтүстік Қазақстан жерінің ислам діні мен өркениетін қабылдауды күрделі қоғамдық-саяси құбылыска айналды. Сол кезде Орталық Азия аймағындағы саяси билік түркілердің қолында болуына қарамастан халықтың арасында парсылану үрдісі одан әрі жалғаса берген. Х ғасырда басталған ислам әлеміндегі саяси, рухани тоқыраушылық құбылысы Түркістан жерін де шарлады. Оның мысалын ислам дінін мемлекеттік деп жариялаған қарахандықтар мемлекетінің түрлі рухани ағымдар ықпалымен бірнеше ұсақ бөліктерге бөлініп, шығыстан келген қарақытайлықтардың билігіне мойын ұсынуынан көреміз. Осында рухани дағдарыс тарих сахнасына Қожа Ахмет Ясауи сияқты түркі халықтарының дүниетанымына ислам дінінің рухани-мәдени құндылықтарымен кіріктіру арқылы, қоғамдық дамудың жана саласына жол ашқан ғұламалар дүниеге келді. Осы кезендеңі рухани өрлеу этникалық үрдістегі түркілік рухты қайта тірілтті. Соның әсерінен өлкедегі діннің тілі, мемлекеттік биліктің тілі, ғылым мен мәдениеттің тілі қайтадан түркілік сипат ала бастаған. Міне осы рухани үрдісті Қожа Ахмет Ясаудің мына хикметінен аңғарамыз:

Қоштамайды ғалымдар біздер айтқан түркіні.  
Білгендерден есітіп, ашар көніл мұлкіні.  
Аят, хадис мағынасы түркі болса муафік,  
Мағынасына жеткендер жерге қояр бөркіні [7, 56].

Қожа Ахмет Ясаудің сопылық дүниетанымының философиялық мәні өте терең екендігі таң қалдырады. Оған мынадай деректі мысал етуге болады. Имам Хусамеддин Хусайн ибн әл-Сығнақи (711/1311ж. қайтыс болған) «Манакиб-и Ахмед-и Ясауи» рисаласындағы Қожа

Ясауи айтыпты деп кемелдікке жетудің үш негізгі моральдық-этикалық тұғырын атап көрсетеді. Соның ішіндегі ең бастысы адамның өзіндігі ақиқатты табу, тану мәселесіне қатысты айтылған «Қағбаны (Алланы) өзінен тап» деген нақылы. Бұл «...кім өзін-өзі таныса, Тәнірді танығаны» деген сопылық дүниетанымдық концепцияны еске салады» [8, 97].

Бұл мәдениет тарихындағы жеке дара құбылыс емес. Жұсіп Баласағұнның поэмалы тұластай түркі тілінде жазып шығуының осындай өткір де зәру әлеуметтік тапсырысы болған деп білеміз. Автор «Құтадғу біліктің» кіріспесіндегі 73-бәйітте былай дейді:

Кітаптар көп арабша да, тәжікше,  
Біздің тілде бұл жалғыз-ақ әзірше  
Тек білікті білер мұның құрметін,  
Ақылды ұғар ақыл-ойдың қымбатын [9, 45] –

деп жырға кости.

Бұл үрдіс мемлекеттік маңыз алып, саяси қурестің өзегіне айналған кездер де болған. XIII-XIV ғғ. монгол империясы тұсында далалық аймақта түркілену үрдісі түркі халықтарының мәдени-рухани өрлеуінің негізіне айналды. Осы тарихи үдерістің жалғасын философ А. Қасымжанов былайша сипаттайды «Темір Ясауи күльті арқылы түркілік ұлттық идеяны танытып, далалық өркениетті исламмен және зайырлы мұдделермен біріктіріп, Дала мен Мауараннахр арқылы өткен әлемдік сауда жолдарының маңызын қалпына келтіруге әрекет жасады» [10, 146].

А. Қасымжанов Жұсіп дүниетанымының үш негізін атап көрсетеді. Олар: философиялық, шамандық және исламдық. Бұл негіздер парсы-тәжіктік (Рудаки, Фирдауси) және түркілік (жазбаша және ауызша) поэзиялық дәстүрлерден тамыр тартады [10, 188]. Жұсіп Баласағұнның шығармаларына терең талдаулар жасап, оның басты еңбегінің философиялық негіздерін айқындауға үлкен еңбек сінірген ғалымның бұл тұжырымдарын толығымен қуаттауға болады. Өйткені, бұл тұжырымдар Жұсіп Баласағұн шығармашылығын зерттеу тақырыбымыздың мақсатына сай танымдық тұрғыда қарастыруымызға концептуалды бағыт береді.

Философиялық және исламдық негіздердің айта отырып ортағасырларда араб халифатын көрініс берген «фалсафа» құбылысына да тоқтала кеткен жөн. Өйткені, Шығыс философиялық

## **Г.Ә.Шадинова. Жұсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасындағы...**

ойлауының ерекше бір сипаты осы «фалсафа» ұғымымен астасып жатады. Кеңестік қоғамда оны ежелгі грек философиясының араб елдеріндегі жай ғана көшірмесі деген түсініктер де кездесті. Біздің ойымызша бұл қате пікір. Әрине, мұсылмандық философиялық дәстүрді үлгі тұту күні бүгінге дейін өзінің күшін жойған жоқ. Бірақ, қазіргі заманның мұсылмандық бағдардағы ойшылдары тек Құран мен хадистерге түсіндірме жасаумен шектелмейді, сонымен қатар олар Батыстық философияның соңғы үлгілерін де игерген. Орта ғасырларда сондай игерудің алғашқы талпынысы «фалсафа» түрінде көрініс берді.

Ешқандай философиялық ағым тарихи-философиялық үрдісте тап-таза күйінде кездеспейді, өйткені ілімдердің дүниетанымдық, құндылықтық, феноменологиялық өзара қайшылығын кейде өзара байланыс пен ықпалдасу қөмкеріп кететіні де болады. Мәселен, өзара біршама айырмашылығы бар мұсылмандық дүниетанымдық бағыттар: мутазилиттер, калам, сопылық және т.б. шын мәнінде Құранның іргелі принциптерін мойындал келген ағымдар болып саналады. Сондықтан ұқсас негіздері болғандықтан зерттеушілер үшін оларға жіктемелер жасап, бір-бірінен ажыратудың өзі қыындық әкеледі. F. Есім атап көрсеткендегі - мутазилиттер негізінен рационализм мен білімді жетекші күш ретінде мойындаған және қоғамдағы билік мәселесін әлеуметтік негізде шешудің жолдарын қарастырган болса, ал калам негізінен мұсылмандық құндылықтарды насихаттаушы ағым, оның қағидалары белгілі докторлардың кисынды түрде түсіндіруге құрылған [11, 96]. «Фалсафа тарихын Ибн Халдуннан артық білу мүмкін іс емес, сондықтан беделге де ғылыми негіз ретінде сүйенген дұрыс болар. Осы себепті негізін салушылар: әл-Ашари мен әл-Матурудилерді фалсафаның пайда болуының теориялық алғышарттары деп қабылдау орынды» деп атап көрсетеді F. Есім мұсылман философиясына арнаған еңбегінде [11, 10].

Әрине, Жұсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» сияқты шоқтығы биік туындысының поэтикалық көркемдігі мен сипатын толықтырып тұрған оның ішкі бай мазмұны екендігі белгілі. Осы ішкі мазмұнды кеңітіп, әрі терендеп тұрған өзек, ол - Жұсіптің танымдық кемелдігі. Әрине, танымдық шеберлік, танымдық тәжірибе танымдық кемелдікке жеткен жағдайда ғана жоғарыдағыдан үздік шығарманы дүниеге әкелері сәсіз.

Осы тұрғыда қарастырғанда Жұсіптің танымдық кемелдігіне негіз болған қоғамдық-саяси ортанның қыры мен сырын айқындаудың маңызы зор. Әсіреле, «Шығыс Ренессансы» идеяларына сузындаған

Баласағұның өткір де сезімге тұнған өмір философиясының қоғамдық-саяси негіздері ерекше назар аударуды қажет етеді. Осыған байланысты жекелеген халықтың мәдениеті мен тілін адамзаттың біртұтас мәдениетінің ауқымынан тыс, уақыт кеңістігіндегі мәңгілік және аяқталмаған мәдени сұхбатсыз, бойына барлық озық дәстүрлерді жиған, мәдениеттің ұлы шығармаларының қарастыру мүмкін емес. Осы ойды бекіте түскен М.М. Бахтиеннің «Үлкен уақыт - бірде-бір мағына қаза болмайтын шекіз және аяқталмаған сұхбат» [12, 364] деген сөзінің таным мәселесіне тікелей қатысы бар. Түркілік дүниетаным мен исламдық құқықтық нормалар парсылық поэзияның өлшемдерімен үндесіп, өзара менталитеттік сұхбатқа түсінің нәтижесі - түркілік-исламдық өркениетке жетелеген негізгі тұрткіге, ықпал етуші факторға айналды. Осы құрделі әлеуметтік, мәдени құбылысты танып білуде «Құтадғу білік» шығармасы аса бағалы тұпнұсқалық дереккөз болады. Шығарманың үлкен уақыт кеңістігін қамтыған дәстүршілігі жекелеген мәдени құбылыстардың жүздеген, мындаған жылдарға созылған халықтар мен мәдениеттердің өзара түсінісуі арқылы адамзат мәдениетінің бірлігін тануға мүмкіндік береді. Орта Азия халықтарының әдеби байланыстарындағы сансыз желілерді талдай келе Н. Конрад былай деп жазады: «Орта Азия халықтарының ортағасырлық парсы және түркі халықтарының мәдениетінен өз кезінде әлемдік әдебиеттің шынына жеткен олардың әдебиетімен тарихи байланысқан, ол бұл халықтардың мәдениеті мен әдебиеті өз кезегінде араб әлемі мен Үндістанның мәдениеті және әдебиетімен байланысты болды» [13, 214]. Белгілі түркітанушының бұл пікірлерінің дұрыстығына Жұсіп Баласағұн еңбегіне талдау жасау барысында көптеген мысалдар кездестіреміз.

Бұндай тұжырым жасаған жалғыз Н. Конрад емес. Неміс ғалымы Отто Альбертс Баласағұн шығармашылығын араб халифаты түріндегі кең аумақтың шегіне қатысты қарастырады. Ол алғаш рет Ибн Сина ілімімен, әсіресе, оның этикасын Жұсіп Баласағұның соған ұқсас көзқарастарымен сабактастықта қарастыру концепциясын ұсынады. Оның үстіне Альбертс Аристотель мен Жұсіптің этикалық көзқарастарын салыстыруға біршама ізденістік әрекеттер жасайды.

Жалпы, Баласағұн шығармашылығы, оның дүниеге келген кезеңі көптеген зерттеулердің арасында танымал орыс шығыстанушылары В.В. Бартольд, А.Н. Самойлов, А.Н. Кононов және тағы басқалардың енбектерін ерекше бөліп атауға болады. Олардың енбектері жетістік, кемістігімен қоса алғанда «Құтадғу білікті» зерттеудің тұластай

## **Г.Ә.Шадинова. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасындағы...**

мектебін калыптастырудың теориялық және әдістемелік негізін қалады деп айта аламыз. Міне, содан да қазіргі заманғы философия, әдебиет, филология және тарих ғылымдарында Жүсіп Баласағұн шығармашылығын және ортағасырлық даналықты зерттеудің жеткілікті тәжірибесі жинақталған.

Осындай теориялық-әдістемелік түрткі негізінде Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасындағы таным мәселелері біздің жұмысымызда алғаш рет жеке желі болып зерттеу нысанына айналып отыр.

Баласағұн поэзиясын, оның философиясын танудың жаңа тәсілдерін іздестіру ортағасырлардағы басқа да ойшыл-акындардың күрделі жүйеден тұратын ішкі әлемінің құпиясын ашуға теориялық және әдістемелік негіз болары сөзсіз.

Міне, Жүсіп Баласағұнның шығармашылығына, оның танымдық деңгейіне философиялық түркіда талдау жасаудың ғылыми маңызы ерекше болмақ. Сонымен бірге, «Құтадғу білікті» мәдени-тарихи аспектіде талдаудан өткізудің маңызы - түркі халықтарының ортағасырлардағы қалыптасқан қоғамдық ойының, мәдени дәстүрлердің тарихын одан әрі жетілдіруге негіз қалайтындығы.

Жүсіп Баласағұн танымындағы патриоттық сарынды оның мына бәйітінен анғарамыз:

Көп қой кітап араб, тәжік тілінде  
Біздің тілде «бұл – ақыл мен білім» де [9, 56].

Ойшылға бұлай сөз айтқызуудың түрткісі оның туған тіліне деген сүйіспеншілігі мен отаншылдығы болғандығы даусыз. Осындай жоғары да асқақ патриотизмің Жүсіпті саяси мақсаттарға жұмылдырганы анғарылады. Шығарма мазмұнынан көшпелі ортадан шықкан қарахандық билеуші әuletін Мауараннахр, Шығыс Түркістан сияқты жоғары дамыған отырықшы аудандарды басқаруға дайындау мәселесі лейтмотив түрінде көрініс береді. Билеушіге қойылатын талап тілектерді бірінгай тізбелей бермей, ол айтылар ұсыныстарды философиялық оймен пайымдал, нақты тұрмыстық мысалдармен негіздеу шығармаға шырай бере түседі: елжандылық рух шығарманың мазмұнымен бірге оның түркі тілінде жазылуынан танылады. Көшпелі қарахандықтарға, олардың билеушілеріне арнап айтылған өситет солардың өздерінің тілінде және оларға етene таныс дүниетаным арнасында жазылғаны тиімді болатын. Осы түркіда қарастырганда

«Құтадғу білік» тек саяси мақсатты көздеген шығарма емес. Онда сол дәүірдің ғылымы мен мәдениетінің түрлі салаларының білімдері жинақталған. Оның үстіне шығармада автордың өмірдің мәні, адамның жаратылысы, оның қоғамдағы, табиғаттағы орны мен рөлі туралы философиялық ой-тұжырымдары да көрініс тапқан. Шығармаға осы қырынан қарағанда автордың дүниетаным жүйесі ерекше дең коюды, зерделеуді қажет етеді. Танымдық кемелдікке жеткен туындыгер ғана тың дүниені өмірге әкелсе, таным биігі арқылы ғана шығарма уақыт өлшемдерінен жоғары тұрмак.

Шындығында, Жұсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» сияқты шоқтығы бік туындысының поэтикалық көркемдігі мен сипатын толықтырып тұрған оның ішкі бай мазмұны екендігі белгілі. Осы ішкі мазмұнды кеңітіп, әрі терендептіп тұрған өзек, ол – Жұсіптің танымдық кемелдігі. Әрине, танымдық шеберлік, танымдық тәжірибе рухани танымдық кемелдікке жеткен жағдайда ғана жоғарыдағыдан үздік шығарманы дүниеге әкелері сөзсіз.

Шығарманың осындай көпқатпарлы мазмұны оның баяндалу формасының көптүрлілігі, көркемдік шешімдерінің де сан алуандығына астасып, шебер жымдаса алған. Түркі халықтарының дәстүрлі поэзиясының үлгісін (ауызша және жазбаша) тәжік-парсы (соның ішінде Рудаки мен Фирдауси) поэзиясының түрлік, өлшемдік жаңалықтарымен ұштастыру Жұсіп Баласағұн шығармашылық шеберлігінің жетістігі болды.

Тіл шешендігі, ділмарлыққа, тіл ұсталығы өнеріне антика дәүірінде де, ортағасырларда да айрықша көніл бөлінген. Тіл, Жұсіп Баласағұн үшін ең басты дүниетаным құралы. Тіл мәдениетті айқындаушы ең басты факторлардың бірі: тіл адамды аскаралы асуларға көтеріп, сол арқылы бақытын баянды ете алады. Немесе жетікпеген сөйлеу тілі адамның қадыр-қасиетін түсіріп, «шыңқұздарға» тастан та жібере алады. Мазмұн мен форма, мағына мен сөз сәйкестігі, олардың бұлжымас бірлігі - Жұсіп Баласағұн сөз өнеріне қойған талаптар осылар [14, 35].

Сонымен Жұсіп Баласағұн шығармашылық қызметі арқылы тәнірлік діннің ұстанымдарын исламның мемлекеттік құрылымымен және құқықтық нормалармен байланыстыра отырып, Түркі қағанатында мемлекеттік идеологияны қалыптастыруға өз үлесін қости. Өйткені, оның жаратқан және қоғамдық практикаға ұсынған философиялық көзқарастарының қайнар көздері түркі және ислам дүниетанымының үйлесімділігінен туындағаны анықталды.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Орынбеков М.С. *Предфилософия протоказахов.* - Алматы: Өлкө, 1994. – 207 б.
2. Кононов А.Н. *Слово о Юсуфе из Баласагуна и его поэме. «Құтадғу билик» // Советская тюркология.* – Баку, 1970. - №4. - С. 3-12.
3. Фон Грюнебаум Г.Э. *Классический ислам. 600-1258. Очерк истории / Пер. с англ.* – М.: Наука, 1988. – 216 с.
4. Бартольд В.В. *Түркестанские друзья, ученики и почитателя.* - Ташкент, 1927. - С.69-108.
5. Қазақ ССР тарихы. - Алматы: Қазақ мемлекет, 1959. – Т. 1. – 478 б.
6. Сейдімбеков А. *Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау.* - Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
7. Иасауи Қожа Ахмет. *Хикмет жинақ:* Даналық сыр. -Алматы: Жалын, 1998. –656 б.
8. Кенжетай Д.Т. *Хусамеддин Сығнақидің Иасауи туралы рисаласы // Ясауи жолы.* – Түркістан: Ұлттық рух, 2005. - №2 (1). - 90-98 бб.
9. Баласағұн Жұсіп. *Құтты білік /Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубаев.* - Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.
10. Касымжанов А.Х. *Пространство и время великих традиций.* - Алматы: Қазақ университеті, 2001. - 301 с.
11. Есім F. *Фалсафа тарихы: Оқулық-хрестоматия.* – Алматы: Раритет, 2004. - 304 б.
12. Бахтин М.М. *Эстетика словесного творчества.* - М.: Мысль, 1979. - 424 с.
13. Конрад Н. *Октябрь и филологические науки // Новый мир.* - М., 1971. - С. 27-35.
14. Мәжиценова Д. *Жұсіп Баласағұнның эстетикалық көзқарастары // Білім және еңбек.* – Алматы, 1987. - №3. - 34-35 бб.

---

---

## АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР

---

---

ӘӨЖ 939.6 58 45

### **ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ СӘУЛЕТ ӨНЕРІНДЕГІ КӨРКЕМ ЕСІКТЕРДІҢ ӘРЛЕНҮІ** PAINTERLY DECORATION OF DOORS IN MEDIEVAL ISLAMIC ART

Д.МҰСТАПАЕВА\*

#### **Түйіндеме**

Мақалада исламдық сәулет өнеріндегі есіктердің әрленуі, есіктің символдық мәні және елдің рухани мәдениетіндегі маңызы туралы баяндалады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің XIV ғасырда жасалған қабірхана, қазандық бөлмелерінің есіктерінің, қабірхана есігінің тұтқаларының ислам өнеріндегі дамыған талаптарға сай әрленуі туралы сөз болып, қабірхана есігінің тұтқалары, есіктері жазуларға байланысты зерттеулер сараланған.

**Кілт сөздер:** Кесене, қабірхана, есік, қолтаңба, сәулет өнері, Қожа Ахмет Ясауи.

#### **Summary**

This article discusses decoration of doors in Islamic art. Symbolical meaning and significance of a door is narrated, and the conformance of doors at KhojaAkhmetYassawi mausoleum's tomb and "kazandyk" (the cauldron hall) with time imperatives developed in Islamic art is described herein. Along with that a scientific researches, related with door handles and writings on the doors, have been analyzed.

**Keywords:** Mausoleum, door, signature ,spiritual, painterly, islamic art, Khoja Akhmet Yassawi.

Өнер адам бойына шынайы толыққандылық, қуаныш пен күш-куат сезімін береді. Діни сенім белгілі бір іс-әрекеттер жүйесі, яғни рәсімдер, мейрамдармен үйлеседі. Осыған орай, діни сәулет ескерткіштері әрбір әлемдік діндерде өзіндік эстетикалық орта құрганы белгілі. Дін өнер секілді қоғамның рухани өмірінің шыңында тұр, сондыктан адамның толық рухани әлемін қамтуға қабілетті [1, 431].

Әлемдік діндер және өнерді зерттеушілер діни рәсімдердің белгілі эстетикалық ортада, көркем интерьер және экстерьерлерге сай өтетінін айтады [1, 301]. Діни сәулет өнері әлемдік діндердің өзіндік

\*  
тарих ғылымдарының кандидаты, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университетінің доценті. Түркістан-Қазақстан Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, International Kazakh-Turkish University named Ahmat Yassawi. Turkistan-Kazakhstan. [mdilda@mail.ru](mailto:mdilda@mail.ru)

## **Д.Мұстапаева. Орта ғасырлардағы исламдық сәулет өнеріндегі...**

күрделі жүйесін құрып дамыды. Әлемдік діндер мен өнердің өзіндік ықпалы белгілі бір айқындалған мәдени-рухани, әлеуметтік деңгейдегі белгілі бір толықтық туынданда отырып, әрбір діннің өнер жүйесінде өзіне тән жетекші өнері болды. Әлемдік діндерде, атап айтқанда, буддизмде көркем-қолданбалы өнер – мұсін өнері болса, христиандықта бейнелеу өнері, пластика, ислам өнерінде көркем жазу, көркем-әшекейлі өнер өркендеді. Діни рәсімдерде қолданылған өнер туындылары, заттар белгілі бір елдің мәдениетін, нақты түрмисын бейнелейді. Діни өнер туындылары уақыттың сыйынан өте отырып, адамзат баласының үлгілі мәдени туындыларының қатарына енгені анық. Сондықтан түрі және атқаратын қызметі бойынша діни өнер туындылары заманауи мәдениет үшін өз маңызын жоймайды. Солардың ішінде ислам сәулеті және оның белгілі бір бөлшектерінің дамуы мен ерекшелігін айтуға болады.

XX ғ. мұсылман сәулет өнерінің білгірі А.Саладин сәулет өнеріндегі бес негізгі мектепті көрсетеді. Бұлар: испан-мавритан, сирия-египет, иран, түрік және үнді деп бөлінген болатын [2, 28]. Діни сәулет құрылыштарының көптеген бөліктері, атап айтқанда есіктер, ұстындар, ғимараттың төбелері, жақтаулары т.б. ағашқа ойып түсірілген нақыштармен әрленген. Өте нәзік өсімдік және геометриялық өрнектер дәстүрлі сан алуан құрылымдармен ұласады. Исламдық сәулет өнері туындыларын өрнектеуде шеберлер белгілі қалыптасқан ережелерге сүйенді. Мұсылман өнері өрнектерді семантикалық-эстетикалық үйлестіру арқылы Жаратушының құдіретін бейнелейді. Мұсылман мәдениетінің барлық бөлшегін байланыстырған ислам өнерінің маңызды көрінісі араб каллиграфиясы болды. Ислам өнеріндегі барлық жазулардың терең рухани, діни көркем мәні бар [1, 386].

Ислам сәулет өнерінің бір бөлшегі есіктерді өрнектеу белгілі бір ережелерге сай дамығаны белгілі. Осыған орай өрнектік сарынды геометрияланған, эпиграфикалық, өсімдіктекtes өрнектердің үйлесуінің керемет үлгілерін шеберлер дамыта білген. Оның бір үлгісі ретінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қазандық және көрхана бөлмелерінің ағаш есіктерін айтуға болады. Қоладан соғылып, алтын, күміс жалатылған есік тұтқалары халық өнерінің інжу-маржандарына жатады. Ағашқа ою-өрнек салу өнерінің Қазақстан мен Орта Азияда өте ерте заманнан дамып келе жатқаны белгілі [3, 23].

XIV ғ. екінші жартысымен, 1397 жылмен мерзімделген Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ағаш есіктерінің әрленуі осының куәсі деуге

болады. Кезінде көрхана есігінің ою-өрнектері сүйекпен ерекше нақышталған. Есік жұқа темірмен қапталып, оған алтынмен жазулар түсіріліп, үстіндегі тас тақтайға көрхана Әмір Темірдің бұйрығымен тұрғызылғандығы жайында жазылған.

Шеберлер мешіттерді, қолөнер туындыларын, діни рәсімдік заттарды әрлеуде ою-өрнектердің ең көне түрлерін, ислам ережелерінің талаптарына сай үйлестіріп өрбітті. Оны ағаш есіктерде түсірілген өрнектер сарынынан көреміз. Эпиграфикалық әрлеуде гүлденген куфи, насх, сұлс жазу түрлері қолданылған [4, 24]. Исламдық сәulet өнеріне тән белгі, әрлеу бөліктері ретінде Құранның мәтіндерінен үзінділерді қолдану болды. Бұл мәтіндер ағашты ою, металдарға шекімелеп т.б. әдістермен түсіріліп отырды. Мұсылман сәulet өнерінде ою-өрнектердің маңызы зор болды. Өрнектер исламдағы тірі жанды бейнелеуді алмастырып, көркем мәнді құралға айналды. Сәulet өнерінде өсімдік сипатындағы өрнектер, геометрияланған, эпиграфиялық өрнектер сарыны кең өрбіді. Эпиграфиялық өрнектер сарыны ислам өнеріндегі басым сипатқа ие болған өнер түрі болды. Ислам сәulet өнерінде әр түрлі бөліктерін әрлеуде аталған өрнектер түрлі нұқсаларда дамытылып қолданылғаны белгілі. Ғимараттың іші, сырты, михраб, күмбездер, терезелер, ойықтар, мінбер, есіктерді, діни ғимаратқа тән басқа да қолданбалы өнер туындыларын әрлеуде қолданылды [5, 16]. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі көрхана және қазандық бөлмелерінің есіктеріндегі әрлеу түрлері исламдық сәulet өнерінің талаптарына сай.

Исламда есіктің қасиетті мәні, өрнектердің мазмұны мен сипаты тек діни ғимараттардағы есіктер т.б. бөліктерді әрлеуде ғана емес, барлық тұрғын үйлерді әрлеуде де қолданылды. Қолданбалы өнер шеберлері исламдағы белгілі бір исламдық ережеге сай қалыптасқан эпиграфикалық құрылымдарды көркем бейнелеу аумағынан шықпай жетілдіріп, түрі, құрылымы бойынша байыта түскені белгілі. Есіктерге жазулар сұлс, гүлденген куфи ұлғілерінде түсірілген. Жамағатхана және қабірхана есіктерінің тұтқасында Алланың есімдері, Құран аяттары, хадистерден үзінді жазулар сұлс, гүлденген куфи ұлғілерінде түсірілген [4, 29].

Есік халықтың дүниетанымында киелі болып қабылданады. Ол бір әлемнен екінші әлемге өту нұктесі деп есептеледі. Ислам діні арқылы санада берік орныққан, дін аша келген рухани тұлғалардың есімдеріне де «баб» сөзі қосылып аталуының да өзіндік осындағы бір тұжырымы бар [6, 119].

Қабірхана есігінің сақталған, күміспен апталған пластиналарында сұлс қолтаңбаларымен Жаратушы Алланың есімдері жазылған. Қабірхана есігінің тұтқалары 1959 жылы жоғалған. XIV ғасырда жасалған құнды жәдігердің кейінгі тағдыры, заттың қайда, қай жерде екені туралы деректер жоқ. Мүмкін болашақта ол туралы тың деректер, мәліметтер табылып қалар. Ғалымдар қабірхана есігінің тұтқалары, олардағы жазулар туралы зерттеулерін 1905 жылы кесененің жоспарын, өлшемін алғып, зерттеуге келген экспедицияның архитекторы А.Гуржиенконың салған суреті арқылы жүргізді. Есік тұтқаларында насх үлгісінде Сағидің «Гүлістанынан» үзінді жазылған [7, 74].

Онда: «Мақсат өзінен кейін із қалдыру, тіршілік мәңгілік емес. Мүмкін бір сопы бір күні мұсіркеп, бейшараның жағдайы үшін дұға етер», - деген есіктегі жазу мәтіні бұл өмірдің өткінші, жалғандығы, өзінен кейін қалдырар жаксы іс, адам баласына мейіріммен қараудың рухани мәні мен маңызы туралы баяндайды.

Зерттеулерде тұтқалардың сипаттамалары Мемлекеттік Эрмитажда, Шығыс бөлімінде сақтаулы архитектор А.Гуржиенконың суреті бойынша берілгендейді жоғарыда айтылды. Олардың формасы қазандық бөлмесінің есігінің алқаларына ұқсайды [7, 74].

Қожа Ахмет Ясауи кесенесін зерттеген енбектерде қабірхана, қазандық бөлмелерінің есіктеріне қатысты деректер кездеседі. Ә.Диваевтың А.Н.Ахмеровке жіберген Лутфулла қожа қарының жазбасын зерттеп, аударған А.Н.Ахмеровтың зерттеуінде есіктерге қатысты деректер бар.

XIX ғасырдың 1896 жылы жарияланған зерттеуде қабірхана есігінің тұтқасындағы екі шенберде күміспен апталып жазумен «О кіршіксіз», «О айқын», «О қайырымды», «О әділ», «О раҳымды» деп Жаратушының есімдері түсірілгені, шебердің есімін «Иzz ад-дин Тадж ад дин Исфахани хижраның 799 жылы» деп көлтіреді [8, 541].

1928 жылы Ж.Аймауытов «Әзірет Сұлтан» кесенесінде болып, жазған мақаласында «Кесененің есіктеріндегі өрнектер ислам өнерінің ережелеріне сай өріліп, асқар дарбазадан көрген адамның Жаратушының алдында өзін құмырсқадай сезіндірер бір сезімде қалдырардай әсер береді», «бөлек-бөлек сүйек оюдан құрап, жыбырлата нақыстаған, нақысына ми жетпестей ғажап есік...» деп жазады [9,12 ].

1896 жылы жарияланған мақаласында А.Н.Ахмеров есіктегі халқада жазылған шебердің есімін «Иzz ад-дин Тадж ад дин Исфахани хижраның 799 жылы» деп көлтірсе [8,541], М.Е.Массон 1928 жылы өз зерттеуінде «Иzzад дин Исфахани хижраның 797 жылы, яғни 1994/95 жылдар» деп көрсетеді [10, 21]. Ол да есіктің сопақша кәсегінде Құран аяттары алтынмен жазылған, әдемі сакталған, сүйекпен безендірілген, сирек кездесетін келісті есік туралы баяндайды. Осы аталған есіктің халкаларындағы жазулар, сыртқы сипаты туралы П.И.Ахмеров [8], М.Е.Массон [10], Ж.Аймауытов [9], А.Ивановтың [7] мақалаларында, зерттеулерінде қамтылған.

Қабірхана, қазандық бөлмелерінің есіктерінің тұтқалары есік ашылып, жабылғанда дыбыс шығарып, ол ғимаратқа кірген зиаратшылардың көніл-күйіне ерекше жан тербетерлік әсер еткен [10, 23]. Есіктердің өрнектелу мәнеріне келсек, нәзік өсімдік сипаттағы өрнектер, геометриялық өрнектер үйлесе отырып түрлі құрылымдар құрады. Сол кездегі шеберлер ағаш есікті жасауда қарағаш, терек, жанғақ, арша, тұт т.б. ағаш түрлерін қолданды. Ағаш есіктерді ойып әрлеу өте жоғары жетілген деңгейде дамыды. Оларды өңдеуде, әрлеуде әртүрлі ағаштардың жиынтығы үйлестіре отырылып пайдаланылды.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі ағаш есіктер кезінде алтын, күміспен әшекейленіп, сүйекпен әрленген. Ағашты ойып әрлеу ғасырлар бойы дамыған өнер түрі. Діни ғимараттардағы, тұрғын үйлердегі есіктерді, тұрмысқа қажетті заттарды т.б. жасауда ағаш өнері өркендегені белгілі. Ағашты өңдеу дамыған және кейбір бағытта маманданған қолөнер түрі болды [11, 172]. Орта Азия халықтарында сүйекті ұқсату, ою кең тараған. Қазақтардағы сүйек ұқсату өнерін «өзіндік сипаты бар, жоғары дамыған өнер» дейді зерттеушілер [12, 103].

Сүйекшілік өнері әлем халықтарында кең тараған. Әр халықта сүйекті әр түрлі ұқсату әдістері дами түскен. Сүйек өрнегі көптеген бөлшектерден тұрып, өрнектелген сүйекке күміс жапсыру, сәнді тастар орнату дәстүрлері болған және ғасырлар бойы кесенелер, діни ғимараттар т.б. салғанда кең қолданылып келді. Ахмет Ясауи кесенесінің қабірхана, қазандық бөлмелерінің есіктерінің де кезінде сүйекпен безендірілуі ертеден келе жатқан өнердің жүйелі қолданылуы деуге болады [13, 102].

Ислам өнері әртүрлі ұлттың өнер ерекшеліктерімен бірге, ислам өнеріне ортақ ережелерге ие болды. Ислам өнеріндегі екі бағыт - сәулет өнері мен көркем-қолөнер ерекше дамығаны белгілі. Қожа

## **Д.Мұстапаева. Ортағасырлардағы исламдық сәулет өнеріндегі...**

Ахмет Ясауи кесенесінің қабірхана, қазандық бөлмелерінің есіктерінің әрленуінде де осы екі бағыттың дамуының жетістіктері толық көрінеді. Өрнектерді жасауда ұсталар керемет шеберлік көрсетіп, жазулар мен әр түрлі өсімдік текстес, геометрияланған өрнектерді үйлестіре білген, ол «арабеска» деп аталды [14, 451]. Ортағасырлық діни ғимараттардағы жазулардың мәні, өрнектердің мазмұны Жаратушының шекіз сұлулығын бейнелеп, терең мәнгеге ие болды.

1397 жылмен мерзімделген қабірхана және қазандық бөлмелерінің есіктері ислам өнерінің талаптарына сай әрленген. Атап айтқанда, есіктердегі тұтқаларда, яғни балғаларда түсірілген жазулар алтын, күміспен әрленіп, жазулар сұлс, насх қолтанбасымен түсірілген. Исламдағы жазулардың терең рухани және діни-көркем мағынасы бар [15, 386]. Есіктерде 23 хадис жазылған және хадистер сұлс қолтанбасымен түсірілген [4, 34]. Сұлс жазуы, тұзактан шықкан спираль тәрізді өрнек, XI ғасырда, селжүктар дәуірінде қалыптасты. Мұндай эпиграфикалық әрлеудің пайда болуы түркі текстес илханидтер, караханидтер, селжүктар дәуірінде қалыптасқан және Орталық Азияның көшпенділерінің дүниетанымының көшірмесі болды [16, 185]. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі қабірхана, қазандық есіктерінің өрнектелуі осы дүниетанымдарға негізделген. Балғаларда түсірілген жазуларда бұл өмірдің өткіншілігі, жалғандығы туралы тұжырымдар жазу түрінде түсіріліп, бейнеленген. Сағидидің «Гүлстанынан» үзінді әрлеп жазылған, мағынасы «есіктің жаксы, жаны адад адамдарға ашық, дүшпандарға жабық» екендігін айтады [6, 135].

XIV ғ. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі қазандық, қабірхана бөлмелерінің есіктерін әрлеу, жазу сипаттары Орта Азиядағы кесене, медреселердің есіктерінде қолданылған ислам өнерінің жалпы ережелеріне сай орындалған. Мұны кесененің қазандық бөлмесінің күмбезінен табылған ағаш бекіткіштердегі өрнектер, XIV-XV ғғ. салынған Түркістандағы мешіттердегі ұстындардағы ою-өрнектер нақтылай түседі [17, 111]. Олар исламның эстетикалық-көркем принциптеріне негізделген.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Яковлев Е.Г. *Искусство и мировые религии*. –М., 1985. -224 с.
2. Пугаченкова Г.А. *Хорасанские мавзолей* // Художественная культура Средней Азии IX-XIII века. Сб.статьй. –Ташкент: Изд. Лит. Искусства, 1983. -208 с.

3. Нұрмұхаммедов Н.Б. *Ахмед Ясави сәулет гимараты. Альбом.* –Алматы: Өнер, 1988. -168 б.
4. Туяқбаева Б.Т. *Эпиграфический декор архитектурного комплекса Ахмеда Ясави.* –Алма-Ата: Өнер, 1989. -176 стр.
5. Пугаченкова Г.А., Ремпель Л.Н. *Выдающиеся памятники изобразительного искусства Узбекистана.* –Ташкент, 1960. –С.16.
6. Жұнісбаев Ұ. *Ладуны гылым (Әзірет Сұлтан кесенесінің есіктеріндегі хадис пен нақылдардың мәні) // Ясави әлемі. 2009, N1(1).-б. 119-135.*
7. Иванов А.А. *О бронзовых изделиях конца XIV в. из мавзолея Ходжса Ахмеда Ясави// Средняя Азия и ее соседи в древности и средневековье.* –М.: Главная ред. Восточной литературы, 1981. -68-84 с.
Ғалимә булмағас, был юғары фәнни форумда “үз қоштар” араһына яңылыш килем көргән “ят турғай” итеп тойормон инде, тигән үйым Күлбәк Сәрсен улын күргәс тә юқка сыкты. Ул бәззәе, Башкортостандан күлгән кунактарын, бәтә мәшәкәттәрен ситкә куйып, күззәң яуын алыш торған сәскә гөлләмәһен тотоп, тимер юл станцияһында үк қарышланы һәм дүстарса хәл-әхүәл һорашып, алсак һойләшеп алыш китте. Шул көндә үк өйөнә сақырып, башқа тәбәктәр ән йыйылған коллегалары, ғайләһе менән таныштырызы. “Ниндәй ихлас, акыллы, матур

## **Г.Юнысова. Халық улы, ил ағаһы.**

кешө” – тип һығымта яңаның уның хакында Мирас Изелбаев менән. Ябайлыкта - бөйөклөк шул. Әйткәндәй, был фекеребез Құлбек Ергөбәкте йышырак күргән һайын яңы тәъсирзәр менән нығына бара.

2015 йылдың майында тағы ла Төркстандың күреү наисип булды. Үнда ла Мирас Изелбаев менән Қазақ ханлығының 550 йыллығына арналған оло форумда қатнаштық. Тантананы асканда, олуғ ғалимдар алдында Башкортостан – Қазақстан дүсілігін төрки халықтарының рухи берзәмлекенә арналған шиғыр уқыным. Был юлы Төркстандың иң тәлекле тарихи комартқыларын да қарап йөрөй алдық. Бигерәк тә XIII -- XIV быуаттарда Башкортостан ерене лә килеп еткән мәшінүр шәхес Әхмәт Йәсәүиҙен хайран қалырлық мәғрүр кәшәнәһен қарау ғұмергә онотолмаған фәһемле тәъсіораттар қалдырызы.

Ошо урында тынғы белмәс Құлбек Ергөбәктең бер нисә изгелекле эшен телгә алмай булмай. Мәсәлән, 2004 йылда ул қазақ халкының данлы улы Бейсембай Кенжебаев исемендәге Төркиэт музейын барлық қылтерә. Уның фондтарында төрки халықтарының һәр берененең арзаклы шәхестәренә қағылышлы қиммәтле мәғлұметтәр, документтар, фотолар жақланғыс уйлап таба: үзенең шәхси китаптары иңбенә қалала Төрки телле халықтар китапханаһын ойоштора. Абруйлы профессор уның фондын, төрки телле халықтар йәшегән тәбәктәр менән бәйләнеш тотоп, өзлөккөз байытуы хәстәрлекен күрә.

Ә инде 2005 йылдың йәйендә, ижади дүсілікты дауам итеп, арзаклы ғалим К.С.Ергөбәк бер төркөм хеҙмәттәштәре менән үзене Башкортостанға килде. Улар Мостай Кәрим, Сәйфи Кудаш, Миғтахетдин Азмұлланың тыуған тәбәктәре, “Урал батыр”, “Изеүкәй менән Моразым”, “Күз ыйқұрпәс менән Маяннылыу”, “Заятүләк менән Һыуылыу” әпостарына бәйле урындар менән қызықынынды. Үззәренең теләктәре буйынса, қазақтардың ызызы Шиімә районының Келәш ауылына, Миәкә районының Илсегол ауылы янындағы изге шишимәгә, Дәүләкән районындағы Асылықұл буйына, Бөрйән районындағы Шүлгәнташ мәмерийәнә алыш барыңы. Тыуған төйәгебе үзенең халқы, көнкүреше, құркем тәбиғәте қунактардың ызызынан үтті. Был ижади сәйәхәт заманыбызыңың донъяны яратып түймаған оло шәхесенә яңы илнам, дәрт-пландар бүләк иткәндер, тип ышанам һәм һүзөмде уның юбилейына арналған шиғри котлау-теләктәрем менән тамамлайым.

Артылышты артылғанда

Йәш байрамың қотло булһын,  
Күлбек, һинә - гел “бишле”.  
Үткәнеңә арта терәп,  
Ултыраңың килешле.

“Халық улы”, “ил ағаһы” -  
Хақ тағылған титулдар.  
Ағай һәм ул бурыстарын  
Аткарғанға бит улар.

Бейек тау түбәһен күргәс,  
Үткәнен яулай кеше.  
Хозай көс һәм дарман биреп,  
Иткән һине өлөшлө.

Өр-яңы оғоқтар асыу  
Булды йәшлек мақсатың.  
Мақсатыңа алыш осто  
Илһамлы толпар атың.

Йәшлектәгә хыял-сәскә  
Алтмышта – емеш-байлық.  
Емешен мул, Күлбек, улар  
Оло баһага лайық.

Халық күңелен байыттың  
Іүз-алтындарың, менән.  
Өшөгендәрзе йылыттың  
Хис-ялқындарың, менән.

Юл күрһәттен, қаяларға  
Менәйем тигәндәргә.  
Аң-белем менән бүлештөн  
Тәзерең белгәндәргә.

Баянаң йорт-усағындың  
Іысуытманы йылынын.  
Уландарың – ир-үзәмән,  
Улар менәне ғорурғың.

“Бәхетлең” - тигәндәр күп,  
Ноқланып йә көнләшеп.

**Г.Юнысова. Халық улы, ил ағаһы.**

---

Барыңына ла бәхетенде  
Бирәһең, һин өләшеп.

Өләшің, генә арта бит  
Бәхет менән шатлықтар.  
Күңгеленә күрә – көнөң,  
Был һүззәрә хәкльүк бар.

Алтмыш йәш ул – ир-егеттең  
Өлгөрөп еткән мәле.  
Яңы үрзәр яула, туған,  
Офоктар иркен әле.

Гөлфиә Юнысова,  
Башкортостандың халық шағиры  
Өфө, 2016 йыл.

---

---

## ТҰЛҒА

---

### А.З.ВАЛИДИ ТОҒАН ЕСТЕЛІКТЕР

Катанов және Ашмаримен танысу

Бұратаналар мектептері үшін дайындалатын мұғалімдер мектебінде істейтін жоғарыда аты тілге алынған Емельянов мені шығыстанушылар Николай Ашмарин және профессор Н.Ф.Катановпен таныстырыды. Соның арқасында мен Қазанның басқа ғалымдары – шығыстанушылармен таныстығым басталды. Николай Ашмариннің өзі чуваш түріктерінен еді, Николай Катанов болса, алтайлық түріктер-сағайлықтардан шыққан. Екеуі де шығыстану институтын бітірген және аралас-құралас жүрген орыс шығыстанушылар тобынан көрінетін-ді. Олармен тығыз қатынаста болудың маған көп пайдасы тиді. Сол жылы мен Ашмариннің ағарту министрлігі журналында орыс тілінде басылған «Татар әдебиеті» мақаласын аудардым. Кейінректе бұл мақаланы «Вақыт» атты Орынбор баспаханасы жеке брошура (рисала) түрінде басып шығарды. Бір сөзбен айтқанда, Қазанда өткізген күндерім зая кетпеді: көп жұмыс істедім, көп оқыдым, көп дәріс алдым. Өмірімді кедейшілікте өткіздім. Наурыз айында әкем 70 рубль, Ибрагим 40 рубль салып жіберіпті. Анам мен Ибрагимнің шешесі ішкі киімдер мен басқа заттарды жіберіпті. Осыдан соң еркін тыныстай бастадым. Бұратаналар мектептері үшін орыс тілі мұғалімдерін дайындастырын мектепке түсугім керек еді. Соның емтихандарына дайындалуға қажетті кітаптар сатып алуға, мұғалім жалдауға мүмкіндігім болды. Ашмарин маған Глухарем деген оқытушыны тауып берді. Мен орыс әдебиеті, математика және педагогика бойынша дәрістерді жалғастыра бердім.

#### Ауылда өткізген жазғы демалыс

Мамыр айында (1909) мен кемеге мініп Уфаға келдім. Онда сол кезде медресе ашқан жас мұддарис Зияитдин Камалиді және ұлттық мәселелермен айналысып жүрген кейбір зиялыштарды кездестірдім. Тағы да башқұрттар тарихын қарастырып жүрген орыс мұғалімі Филоненкомен таныстыым. Бірнеше жыл өткеннен соң ол біздің арамызда өткен сұхбатымыздың мазмұны бойынша кітапша жазыпты.

Үйге келгенімде әкем мен немере ағамның маған деген ренішінен түк те қалмапты. Біздің үйде әкемнің үкімі жүріп тұратын, бәріміз де одан қорқатынбыз, бірақ та құрметтейтінбіз; ол сұрақтарына тұра жауап қатуды ұнататын-ды. Әкем менің Қазанда арапшаны үйреніп жүргеніме сенбейтін еді, мені тек орыс тілін үйренумен шұғылданады деп ойлаған. Алғашқы кездесуімізде-ақ ол: «Орыстардан не жақсы, не жаманды үйренгенімді түсіндіріп беруімді талап етті». Мен оған: «үйренген жақсы нәрсем зәрімді аяғымның астына жібермей дәрет сындырмағаным, жаман нәрсем – басқаның мойнына қамытты кигізбегенім», - деп жауап қаттым. Жауабым оған өте ұнады-ау деймін. Содан соң ол менің көрінген жерге дәрет сындырмауды, басқалардың мойнына қыл бұрау салмауды орыстардан үйренгенімді былайғы жұртқа айтып жүрді. Әкемнің ойынша, біздің тұрмысымыз бен мәдениетіміздің дамуы жеткілікті, сондықтан орыстар мен европалықтардан техникадан басқаны ала алмаймыз, бұдан басқа – олардан үйренеріміз жоқтың қасы. Менің киімімнен темекінің иісі мұңқіп шығып тұргандықтан, үйдегілер менің темекіге өуестігімді бірден сезе қойды. Киіміме темекінің иісі әбден сіңіп қалған ғой. Менің орысша киініп алғаным да оларға ұнай қоймады және де олар киімімді үйден шығарып, шатырдың астына жайып қоюымды айтты. Сондай-ақ күзге дейін үйден кеткенше кимеуімді ескертті. Мен есқі киімімде жүретін болдым. Сол күннің кешкісінде өзімнің жақсы көретін атыма мініп, бүкіл округты айналып шықтым. Жолшыбай, біздің үйдің артында ағып жатқан өзеннің жағасында баяғыда жақсы көріп жүрген мишарлық қызды көріп қалдым. Оның аты Ләйлабадар. Ол кірін шайып жатқан екен. Мен оның біреудің қалыңдығы екенін білгем. Мені көрісімен ол арқасына қарамай жүгіре жөнелді. Оған деген сезімім өлі басылмаған еді. Мен оған інімнен хат беріп жібердім:

Жағада ішкі киімдерін жуа беріп – қолы талып кетпеді ме екен?

Көрші тұрып кездесіп жүргенде, жаны жай ғана селт етпеді ме екен?

Ол да бірден бір жапырақ қағазға жауабын жазып жіберіпті:  
Бөксене дейін ..... тар шалбарды киіпсің,  
Медреседе, қасиетті үйде темекі шегеді деседі,  
Оның сасық ісінен кеше көршілер түшкіре-түшкіре десті:  
Ернің күйдіріп алсын қарғыс атқан,  
Тек деревняға от қойып жібермесе болды.

Сурып салма өнері жоқ, тақпақтан басқаны білмейтін мишарлық қыздың кенеттен мұндай жауап хатты жаза алуды негайбыл. Кейінректе мәлім болғанында, бұл өлеңдерді менің туысым Махия шығарған екен. Ол кезде шылым шегуді біздің халық ең жексүрын қылыққа жатқызатын. Сондықтан сол қыз бала бірден жағдайды пайдаланып өзінің ұнатпаған кейпін білдірген. Мен шылым тартуды тастамақшы болып қанша әрекеттесем де қоя алмадым. Тек 15 жыл өтісімен Германияда жүрген кезімде ғана ақырында ол әдетімді қойып кеттім. Дегенмен де сол жылдың жазғы демалыс құндерінде Ләйлабадардың ұнатпаған кейпін көріп және онымен кездесе алмай жүргендіктен, тіпті жүрегім зырқ ете қалғанда да көзден тасалау жерде бір папиросты тартпаппын.

### Көзәйнекті тағу қажеттілігі

Тұған үйімде бірнеше күн болғаннан соң асау атымды ерттеп мініп Қарағас жайлауындағы Ибрагим Қасқынбайға тарттым кеп. Бір жыл шамасында көріспей жүргендіктен, Ибрагимге қаншалықты бауыр басып қалғанымды түсіндім. Жолда Науайдің мың мазмұндағы өлеңдерін есіме алдым: «Жүзі періштедей теңі жоқ жігіт мені баурап алды».

Қарағасқа барғаннан соң Ибрагим қой сойып, жоражолдастарын шақырды. Олардың бәрі менімен тетелес, бірақ отбасын құрған жігіттер еді. Олар кешке таман келіншектеріне де бармай менің бір жылда не көріп-білгенімді сұрап білгісі келді. Біздер тауға салт атпен шығып аң ауладық, шоқ тоғайдағы ара ұяларын байқап көрдік, басқа жайлауларда болып қымыз іштік. Алайда бір келенсіздік көңіл-күйімізді бұзып жіберді.

Мен Нұғуште балық ұстайтын шанышқымен түнде шырпы шамның жарығымен балық аулаған кезде қатты тонып қалдым. Өкпемді қабындырып алмасам жарап еді деп зәрем ұшты, арбадағы көрпеге оранып алып үйге қайттым, содан бір ай бойы төсекке таңылып жаттым. Әкем мұсылман ғалымы болғанына қарамастан анамның Файнетдин есімді тәуіпті шақыруына қарсы болмады. Төсек тартып жатқанымда «Биржевые ведомости» газетінің қосымшасы ретінде басылған романдарды оқыдым.

Патша үкіметі жоғарыда аты тілге алынған Мұрат Рамзидің екі томдық тарихын сатуға рұқсат бермепті. Ол Ресейдің мұсылман халықтарына жасаған жауыздығын аяусыз сипаттап жазған. Бұл

еңбекті бастыруға қажетті ақшаны Зайнулланың Троицк медресесінің ишаны, әкемнің шейхы берген еді. Кітаптың конфискацияланғаннан (төркіленгеннен) қалған нұсқалары әкеме және немере ағам Хабибназарға жіберілген екен. Әкем оларды туыстарына және таныстарына таратыпты. Автор кейбір сынни ой-пікірлерін астарлап жеткізуге мәжбүр болса да, бұл шығармасында ойларын ашық айта алған, ол кейінректе менің түрік халықтарының тарихына қалам тартуға шабыттандырды. Мен әсіресе патша цензорларының қытығына тиген жерлерін қатарынан бірнеше рет қайта-қайта оқыдым. Бар қүшімді салып окуудың нәтижесінде ауруыма ауру жамалып алыстағыны көрмейтін халге жеттім. Мұны мен ауруымнан айыққаннан соң садақ ату ойынына қатысу кезінде түсіндім. Біз атылған садақ жебесін жақын арадаға мешіттің мұнарасына қадалған жарты айдың үстінен ұшыру мергендігі бойынша жарыстық. Бұрындары мен бұл машиқта мерген едім, енді мешіт үстіндегі жарты айды да көрмейтін боп қалыптын. Кейінректе құстарды қөздеп атуға машиқтанып жүргенімде мен алыстағыны көрмейтініме анық қөзім жетті. Нәтижесінде үш-төрт ай өткен соң көз өйнек тағуыма тұра келді.

### **Әкеммен арадағы келіспеушіліктер**

Жыл сайын ауылға қайтып бара жатқанымда өзіммен бірге Қазандық немесе Уфалық жолдасымды ала келетін едім. Кейде дем алып, жатып кету үшін олардың өздері біздікіне келетін. Бұл жолы Қазаннан қайтып келе жатып, Уфадағы әкемнің ескі досы, сол кездегі исламның білгірі Хайрулла ахун Усмановтың үйінде бірнеше күн аялдадым. Оның ұлдары Фабделбарый мен Ибрагим орыс мектебінде оқыған. Ибрагим Мәскеудегі Лазарев институтына жазылды. Уфадан келгеніме көп уақыт өтпей аулымызға күтпеген жерден Ибрагим де келе қалды. Оның мақсаты біраз тынығып алу және шығыс тілдерін үйрену жөнінде әңгіме-дүкен құру еді. Сол жылы оның әкесі исламның теологиялық және қоғамдық мәселелеріне арналған еңбегін араб тілінде жариялаған. Ибрагим сол шығармандың бір экземплярын ала келіпті. Бұл кітаптағы негізгі ойлар туралы әкеммен пікір алыстым. Кейбір мәселелер жөнінде келіспейтінімді білдірдім. Әкем де, анам да бұл алауыздықтың себептерін орыс мектебінің маған еткен теріс әсерінен деп білді. Бізден сегіз шақырым жердегі Сайран ауылының түрғыны Хазірет

Бекболат ислам мистикасының білгірі есептелінетін. Әкемнің оған деген көзқарасы жақсы еді. Ұзак уақыт бойы белінен шойырылып, ауырып жүретін-ді. Ауылда бұхаралық шейх Бахаатдин (Bahauitdin) Нақшбанди мазарының ағашына барып белін тигізген адам жазылып кетер-міс деген әңгіме таралғандықтан, ол Бұхараға жол алған. Атақты шейхтің Қабірстанныңда бір жұма бойы болып қайтады. Менің ата-анам оның қайтуын Меккеден келгендей қабылдап, оның үйіне арнайы барып сәлем береді. Мен хазірет Бекболаттың: «Бел ауруынан құлан таза айырып кеттім» деген сөздерін ести күліп жібердім. Мен мистикаға<sup>\*</sup> және қабірстанға барып төуеп етуге сенбейтін едім. Бұған ата-анам қатты ренжіді. «Ең алдымен құрметті шейхтің сөздерін келемеждеу адамгершілікке жатпайды, сенің хазіреттің сөздерінің бөрін терістегенінді құптамаймын» – деді әкем, содан соң күні бойы менімен сөйлеспей қойды. Ата-анам мен ұлының арасында аса маңызды рухани алауыздықтың пайда болғандығынан қатты құйініп, күзеліске түсті.

Ауруымнан айырып алғаннан соң, өзімді әлі де болса тың сезінбеген болсам да, Алақоянның шыңына қарай жолға шықтым. Дегенмен де Ибрагимге де кейбір сөздерім мен қылықтарым да ұнай қоймады. «Сенің шұлғауды солдан бастап орағаныңды және алдымен сол аяғынан бастап етікті кигенінді көріп қалдық» – деді ол. Ол менің патша мен дінге қарсы шыққан нигилистік пиғылдағы жазушы Шишковтың кітабын оқығанымды да құптамады. Ол былай деді: «біздің шынайы достығымызға көлеңкесін түсіретін сондай бір келенсіз қылықтарды сенен күтпеген едім және егер де жат жердегі өмірің осылайша жалғасып, маған теріс әсерін тигізе беретін болса, жыл өткен сайын сенің жаман әдетке бой алдыруың үдей түссе, біздің арамызда жер мен көктей алшақтық пайда болады».

#### Астраханға екінші рет саяхаттауым

Күзде әкем темір жол стансасына дейін шығарып салды. Немере ағам тағы бір рет Астраханға баруға кеңес берді және Фабдрахман Гумеровқа менен әлдеқандай бір нәрселер мен бір бөшке балды беріп жіберді. Сол жылы Ибрагим Қасқынбай мен оның әкесі жылқыларын сатып, соның ақшасын маған берді. Олардан бөлек анам да ақша берді, бұл ретте Астраханға жол жүруім өте сәтті

---

\* Мистика – тылсым.

болды. Мен есі Сарайдың қирандысын көрдім. Молданың менімен баруға уақыты болмады. Сонда шығатын «Идель» газетіне бірнеше мақала жаздым. Бұлар жай газеттік мақалалар болуына қарамастан, менің бірінші ғылыми шығармаларым іспеттес еді. Бірінші кезекте Мұрат Рамзидің шығармасы жөнінде сынни мақалаларымды жариялады. Бір автор Маржаниға негізсіз кінә тақты. Мен болсам Маржаниді М.Рамзиге қарағанда әлдеқайда ірі ғалым ретінде бағалайтын-дым. Маржаниды арашалап алайын деп мақала жаздым. Оны мына мазмұндағы арап өлеңдерімен аяқтадым: «Егер кімде-кім ұнап қалса, оның кемшіліктеріне көзді жұма қарайды, ал ол тие берсе жынына, оның ішкі киімінен кір іздей бастайсын» (Қазақтың тырнақ арасынан кір іздейдінің кері ғой). Маржани шәкірттері менің мақаламды жылы тілектестігін білдіре қабылдады. Фабдрахман молда Астрахан имамдары Фабдрахман Илек, Махмұт Садықпен бірге «Мағариф» деген атпен журнал шығара бастады. Олар мені бұл журнал редакциясының қызыметкері етіп жұмысқа алғысы келді. Бірде Садық молда мен Фабдырахман маган қаланың сыртына шығып келеміз деді. Ондағы ойлары Астраханға жақын жердегі «Сұңғır тәбе» атты бір тарихи орынды көрсету еді. Шылқыған бай ноғай хаджиясының үйінде ұлттық тағамдар дайындалып жатқан екен. Мұның алдында олар бұл хаджияның өте сұлу қызы бар, соны көруге бар ынтаңды сал деп ескертті. Бірақ уақыт өтпей нақ менің алдында, терезесі айқара ашылған жабулысы бар екі доңғалакты арба келіп тоқтады. Одан ұлттық ноғай киімін киген өте әдемі қыз түсті. Мұның өзі таңқаларлық көрініс еді. Ол қыз менің жан-жүргегімді баурап ала жөнелді. Ол қыз астрахандық редактор Асри Нажибтің жақсы таныстарының бірінің отбасынан екен.

Астраханға алғаш келгенімде-ақ «Мағариф» журналын өз қолыма алып, осы қалада қалуымды қадап айтқан еді. Бұл реттегі Фабдрахман молданың ұсынысы аса үзілді-кесілді түрде естілді. Мен теріс жауабымды бергеннен соң біздің қарым-қатынасымызға сызат түсе бастады. Мен Фабдрахман молданың үйінен қонақ үйге көшіп кеттім. Астраханнан кетіп бара жатқанымда молда билет ала ғой деп те ақша бермеді, шығарып салуға пристанға да бармады, «Идель» газетінде жарияланған мақалаларымның төлем ақысын да бермеді. Менің мұқтаждықта күн кешіріп жүргенімнен пайдаланып журнал редакторлығы қызыметін атқаруға көндірмекші болды. Бірақ бұл жерде Астрахан қаласында көптің бірі болып күн кешуді қаламаған едім. Мұның бәрін Астраханнан кеткеннен соң Фабдрахман молдаға

Ұзыннан-ұзак жазған хатымда түсіндіргендей болдым. Журналда істеуден бас тартуымның себебін, маған қаншалықты тиімді болса да, оны шығарушыларды тек діни мәселелер ғана қызықтыратындығымен және бұл мәселеде прогрессивті көзқарасты ұстанбайтындықтарымен түсіндірдім. Менимен өктем сарынмен сөйлесуге шыдай алмайтынмы мен айттым. Қызу пікір-таласта тіпті сүйікті әкем және немере ағаммен болған пікір сайыста мен өз ойымнан қайтпайтынмын және молданың мұны біле тұра менімен қожайындық сарынмен неліктен сөйлесуін түсіне алмай қойдым.

Фабрахман мен Садықтың Астрахан төңірегіндегі ауылдағы ноғай хаджиясының (қажысының) үйінде маған көрсеткен сұлу қыздың бейнесі көз алдынан кетпей қойды. Түрік тілінде оқыған және жаза білген әрі ноғайша киінген бұл таңқаларлық қызға хат жазып жібергім келіп, кейінректе келесі жылы тағы да Астраханға баармын деп өзімді өзім жұбаттым. Бұл ойым маған ұзак уақыт тыныштық бермей қойды. Бірақ та Арабтың даңқты қолбасшысы Мухаллиба ибн Аби Суфраның сөздерін есіме алдым. Ол өзінің даңқты женістеріне қалайша қол жеткіздің (мысалы, Хорасан маңайындағы женістеріне деген сияқты) деген сауалға былайша жауап қатқан екен: «Еш уақытта артықша сөз айтпадым, өз ниет-көңілімнің тізгінін өз қолыма ала білдім» (тежей білдім). Оның жауабы маған өте ұнады да, ноғайлық сұлуға хат жазуды доғардым. Менің үйленуім емес, оқығым және алға қарай жылжығым келді.

Астраханға екінші рет жол жүруімнің арқасында басқа бір нәтижелерге қол жеткіздім. Ямиль ауылы имамының қолынан «Эль-Имама уа-әл-сайасат» деп аталған қолжазбаны көрдім. Бұл жазба исламның бастапқы тарихына арналған екен. Және де христиан жыл санауы бойынша 889 жылы қайтыс болған Ибн Қутайбаға телінген. Бұл жөнінде «Идель» газетіне мақала жазуға бекіндім. Бұл шығарма маған ұнай қоймады, өйткені біздерде оншалықты құрметтейтін «Амави» халифтері мадақталған, оның орнына біздерде қасиеттілік пен даңққа бөлөнген Мұхаммед пайғамбардың серіктестері (сахабалары) сынға алынған екен. Сол заманың ұлы ойшылы Ризаитдин Фахретдин Астраханнан табылған сондай көне шығарманың қолжазбасының табылуын қатеге жорыған, жалпы алғанда біздің мемлекеттегі адамдардың қолында оның болуы мүмкін емес деп есептеді. Және мен Қутайбанің деп жүрген бұл қолжазба басқа бір шығарма шығар деп осынау астрахандық қолжазбаны оған уақытша жіберуін сұрады. Ол мұны мұқият оқып

шыққаннан соң шығарма шын мәнінде Құтайбанікі еken деген менің пікірімнің дұрыстырын мойындасты. Есқі замандарда өткен ғалымның ой-пікірлерін менің «Идель» газетінде негізінен дұрыс бейнелегендігімді дұрыс деп тапты. Осыдан соң ол менің барлық ой-пікірімді шуббесіз қабылдайтын болды. Осылар туралы Ризантдин Фахретдин 1926 жылы Стамбулда менің үйімде қонақ болған кезінде маған айтқан еді. Сол есқі мақалам бір жағынан түріктер тарихының түрлі кезеңдері, екінші жағынан ислам тарихы хақында зерттеулерімнің нағызы бастауы болды.

#### **Фабдрахман молдамен болған достығымыздың негіздері**

1926 жылы Фабдрахман молда Стамбулға Ризантдин Фахретдинмен бірге келді. Ол да менің үйімде қонақ болды. Бір жұма бойы біздер Бурса шетіндегі ыстық бұлақ басында бірге ем қабылдадық. «Астраханға екі рет келгенінде мен сізге бір ретте лайықты көніл белмедім», – деп ашына сөйледі. Маған көніл белмегеніңізді қалай түсінуге болады деген сұрағыма, Фабдрахман молда былайша жауап берді: сізben дұрыстап таныса алмадым; Есқі Сарайға барғанында жолсерік бола алмадым. Менің ұстазым Хабибназар мен сенің өкенді үйге шақырып бір-екі ай қонақтап кетуіне жағдай жасамадым, соған миым жетпеді. Байлығым жетерлік еді, бәрі де иттерге және тazқараға жем болып қалды, сол байлығымды достарыммен бірге бөлісіп ішіп-жеп, рахатын көруім керек еді. Содан соң Эл-Маарридің мына мазмұндағы танымал өлендерін есіне алды: «Өлер алдында үрейленіп жабырқанқы өмір сұрудеміз, ашкөздіктен тонаушылар сияқты өмірден жарандарсыз, туысқан-туғансыз өтіп барамыз» және жыламсырап «Сен де сол елден кетіп қалдың, біз үшін енді сен жоқсын; менің кейбір танымал болған достарым бұл дүниеде өліктерге үқсан өмір сұруде, өйткені ұжымдық тұрмыс кешірудеміз деп сарнайды, шын мәнінде бұл ұжымға қатысы бар совет адамы тас қорғаның ішінде қалғандай күй кешіп, бұл Қытай қорғаны (ұжымыдық тұрмыс) оны жақындарынан ажыратып тұрды. Фабдрахман Гумеров біздің үйге жабырқанқы көңіл-күйде келді, көп өтпей отанына қайтып барған соң ол бақылық болып кетті.

Бұған дейін Фабдрахман молданың Қазан университетінде оқыған шәкірті Сахыпкерейден оның маған көңіл белмегеніне күйінгенін, әсіреле Астраханға бірінші рет барғанымда мені Есқі

Сарайға башқұрт-ноғай аңыздарында айтылған басқалай тарихи жерлерге, оның ішінде Басқұншақ пен Бузенге дейін бірге алып жүрмегендігіне, кемеге билет алып бермегендігіне, ақшадан тарығып жүргенде Балаковтағы орыс қожайынына жалдануыма мәжбүр болғандығына жаңы ашығанын сол шәкіртінен естіген едім. Молда мұны мен атақты тұлға ретінде танымал болған соң айтқан еken. Бірақ кезінде оның бұл сөздеріне айрықша мән бермедім, өйткені молданың менің отбасыма толықтай берілгендей түсінбеген едім.

Басқа уақытта ол маған былай деген еді: Астраханда журналдың редакторлығы қызметінен бас тартқандығының дұрыстығын сенің 1917 жылы Мәскеуде Мұсылман конгрессінде жасаған «Ресей мұсылмандарының этнографиясы» атты баяндамаңнан кейін ғана түсіндім, кейінректе сен үлкен істерді атқаруды жоспарлапсың. Біз Риза-хазірет екеуміз сенің бітірген бұл істерінізге өте-мәте риза болдық. Сен Астраханға келген бетінде өзімді сенің екінші өкендей көріп жүр едім, өйткені өзімді қожайынымның (яғни Хабибназардың) отбасының мүшесі ретінде есептедім, менің саған бұйыра сөйлеуім осыдан еді, не десем де мені тындаитынына және ноғай сұлұының тұзағына сөзсіз ілінетінде сенімім зор еді.

1908-1909 жылдары Астраханға Фабдрахман молдаға неліктен екі рет келдім? Ол тіпті менің алыс ағайыным да емес еді ғой. Біздің ауылға келген кездегі оның түр-түрпаты менің есімде қалмапты. Өйткені мен кішкентай бала едім. Астрахан бізден шамамен екі жұз шақырым жерде, өзімнің болашақтағы өмірім және оқуым туралы мен неге нақ осы молдамен ақылдасуым керек, бұған қажеттілік бар ма еді? Әлбетте, мен оның немере ағамның жақсы көретін шәкірті екенін билетін едім. Олар үнемі хат жазысып тұрған. Онымен әкем екеуі біздер сүйіп оқытын қара ноғай дастандарында айтылған «Идель Иеремель бұлағы», «Жайық бұлағы, мұлгіген орман» атты жерлерде және басқа жерлерде болып башқұрт аңыздарында тілге алынған (оларды Уәли-молда өте жақсы білген) Басқұншақ пен Бұзен Астрахан маңайындағы жерлер екендігін түсіндіргенде – олардың қарым-қатынастары одан сайын бекі түсті. Фабдрахман молда оның ата-бабаларының қара-ноғай әпсаналарында тілге алынған ата-мекені біздің жердің төнірегінде орналасқандығын білген заматы біздерді алыс-алыс замандарда бір жерде қалып кеткен ата-бабаларының жүрнағы ретінде көріп, ұзак уақыт бойы әкеммен хат жазысып жүрді. Молда ноғайлардың XVI ғасырда Жайық

### **A.3. Валиди Тоган. Естеліктер.**

жағасында, Оралдың онтүстігі мен шығысындағы Арапға дейінгі жерлерде тұрғандығы тілге алынған көптеген жырлар мен дастандарды жинап, олардың бірсызырасын 1909 жылы жеке рисала етіп шығарды. Басқа дастандарды шығара алмастан о дүниелік болды да кетті.

Қара-ноғайлардың қолдарында башқұрт ханы Күчік Сұлтан (Кие Сұлтан) және оның ұлы Мұрат Сұлтан туралы дастандар да бар екен; олардың бір бөлігін ноғайлық ғалым Мухаммад Усманов 1883 жылы Петербургте жариялады. 1708 жылы Сұлтан (Мұрат) Қырым мен Түркияға бет алған кезде, оны Едисан атты ноғай тайпасының мырзасы Аллақуат-бей Еділге дейін шығарып салған. Біздің ауылға жақын жерде оның атымен аталатын Аллақуат елді мекені бар. Бізге келген Фабдрахман-молда аллагуаттық және мокасовтық башқұрттар арасында болып, олармен кездескен екен және күні бүгінге дейін өздерінің ноғайлық тегін ұмытпағандармен сөйлескен. Фабдолла-молданың және оның пікірлестерінің ойынша, ноғайлар елінің жерлері Дағыстан (Яхсай) және Кубаннан бастап Батыс Сібір мен Арапға дейін созылып жатқан. Осынау шексіз ұлан-байтақ кеңістіктегі өткен оқиғаларды олар кешегі күні болғандай естеріне алады. Әкемнің және оның інісі Уәли-молданың тарихи естеліктерінің географиясында шығыста Тобылға, солтүстікте Шұбаркөлге және Миасе өзеніне, батыста Кемалек өзеніне, онтүстікте Астрахан маңындағы Бузен мен Басқұншакқа, сондай-ақ Кубанға дейінгі жерлер қамтылған.

Бұл кітабымда Астраханға еki рет сапар шегуім және Фабдрахман-молдамен қатынастарым туралы естеліктерімді егжей-тегжейлі еске алуымның себебі мынада: біздің руымыз басқалай ержүрек және еті тірі көшпелі рулармен бірге шығыста Тобылға, батыста Астрахан мен Кубанға дейінгі үлкен кең-байтақ жерлерде өмір сүрді. Мұнымен ескі заманнан қалған жанды әпсаналардың біздің ұрпақ өмірінің күрделі қыын-қыстау жағдайында маңызды рөл ойнағандығын түсіндіргім келеді. Менің өзімнің, сондай-ақ Оралда, Орта Азияда өмір сүргендердің тағдырын тек біздің халықтардың тарихи өткенін қарастыру арқылы ғана түсінуге болады.

#### **Кеме капитанының жәрдемшісі**

Астраханға саяхаттап барғанымда ұлы ғалым Маржанидің шәкірттерімен араласып, олардың ғалым туралы естеліктерін

тындарым. Еділден Қазанға бет алған кемеде Маржанидың «Ұлы жол» («Әл Тариқат әл-Мұтхла») шығармасын оқыды. Онда автордың ислам туралы пікірлері жинақтала баяндалған еken. Сол көктемгі күндері мен

д-р Дрейпердің «Дін мен ғылымның құресі» кітабының орысша аудармасымен және проф. Овсянико-Куликовскийдің<sup>18</sup> «Орыс интелегенциясының тарихымен» таныстым.

Суық ерте түсті. Жауған қардан және мұздың бекініп қалуына байланысты кемеміз түнде жылжи алмады. Бұл кітаптарды өзіммен бірге ала салғаным қандай жақсы болды! Д-р Дрейпердің либералдық ой-пікірлерін Ахмед Мидхаттың басылымдарынан білетін-дім. Енді оларды орыс тілінде оқи бастаным. Түрік тіліндегі тәржімесі әлдеқайда тыңғылықты болатын; орыс тіліндегісінде католиктерді жақтырмағаны сезіліп тұрды. Бұл кітап та Овсянико-Куликовскийдің шығармасы сияқты маған қатты әсер еткендердің қатарынан орын алды. Кемеде үшінші кластық жолаушы орындарының каютасы<sup>\*</sup> жоқ еді.

Суықтан дірілдеп отырғанымда жанымнан өтіп бара жатқан капитан жәрдемшісінің көзі кітаптарыма түскенін байқап қалдым. Кейін ол мені жоғарыдағы өзінің каютасына шақырды. «Мен мұсылмандардың арасынан мұндай кітаптарды оқитын адамдарды кездестірмеген едім, мына жаққа өтіңіз де жылынып алыңыз» – деп мені өзінің жып-жылы матросстық каютасына апарды. Бұл Мышикин деген зиялды әрі мейірбанды адам еken. Мен оқып жатқан кітаптар оның өзінде де бар еken. Симбир татарларынан Ақчуриндерді жақсы біледі еken. Ол менің арабша кітаптарымда не жазылғанын сұрады. Өзінің мекен жайын берді. Кейінгі күндері маған П. Миллюковтың<sup>19</sup> «Орыс мәдениет тарихының очерктерін», Дрейпердің орыс тіліне аударылған «Еуропадағы ағартушылық қозғалыстың тарихы», Чернышевскийдің тағы да екі-үш шығармасын жіберді. Ол мені тағы бір жақсы адаммен симбир татары Ибраһим Ақчуринмен таныстыруды. Совет кезінде қайтыс болған Ибраһим бей орыс тілінен басқа неміс, шағатай және үйғыр тілдерін жақсы білген. Бір жыл өткен соң Симбирскіге барғанымда оның үйінде болдым. Ресейден кеткенге дейін, 1923 жылға дейін Ақчурин және оның отбасымен үйғыр жазуында хат жазысып тұрдым. Осынау зиялды отбасымен таныстырудан капитан жәрдемшісін ешуақытта ұмыта алмаймын.

---

\* Кемедегі жеке бөлме.

Акчууриндер менің жан-жүргімде терең із қалдырған жандар. Мұзды жарып өткен біздің кемеміз әзер дегенде Қазанға жетті. Капитан жәрдемшісімен қоштасып, түсіп кеттім. Одан соң өкінішке орай, оны ешуақытта кездестіре алмадым.

**Менің Қазандағы мұғалімдік қызметімнің басталуы және орыс қоғамы**

Сол оқу жылында (1909-1910 ж.ж қыста) мен «Қасимия» медресесінде түріктер тарихы мен араб әдебиетінің мұғалімі болып тағайындалдым. Ол кезде Қазанның орыстар қоныстанған жағындағы Шалыгин атты ауылдық тұрғынның үйінде тұрдым және сол үйде тамақтанып жүрдім. Оның отбасы ұлken еді. Менімен достасып кеткен оның ұлы медицинада оқыды. Қыс бойы мен онымен бір бөлмеде тұрдым. Әзілдей отырып олар маған шошқа етін жегізбекші болды, бірақ одан тұк те шыққан жоқ. Менің де ауылдан келген жылқы етін қаздікі деп беріп, оларды алдаған кезім болды. Апам маған қыста тоңазытылған көптеген тұшпараны почта арқылы жіберіп тұрды. Мен екі жыл бойы сол үйде тұрдым, олардың бәрімен де тіл табысып кеттім.

Мен еңбегімді оқулық ретінде жаза бастадым. Ол – «Түріктер тарихы». Тарихты зерттеу мен сипаттау әдістерін профессор Кареевтің<sup>20</sup> кітабы бойынша менгерген-мін. Сол бойынша сабак бердім. Кейінректе мен бұл шығарма тарих методологиясына бағыштап жазылған неміс профессоры Е. Бернхайм мен француз тарихшысы Сенебо кітаптарының қысқаша нұсқасы екенін анықтадым. Осынау Европа тарихшыларына сүйене отырып жазылған Кареевтің кітабы тарихты зерттеу методологиясын теренірек түсінуіме мүмкіндік берді және Европаның ғалымдарымен мені алдын-ала бұдан қырық жыл бұрын таныстырыды. Нәтижесінде өзімнің ғылыми дамуымда көп уақытымды үнемдеп және кейінректе 1950 жылы «Тарихты зерттеудің методологиясы» атты еңбегімді жазғанымда Кареевкे ризашылығымды білдіре еске алдым. Бұл кезде Петербургте тұратын көрнекті шығыстанушы проф. Бартольдтің еңбегін оқыған едім. Онда Орта Азия тарихы қарастырылған. Орыс тарихшылары Карамзин мен Соловьевтің еңбектерін оқумен қатар ағылшын тарихшысы Генри Говорт және француз Леон Каэннің еңбектерін орыс тілінде оқыдым. Бұл еңбектердің алғашқысында біздің ұлттық тарихымыз жайында мәліметтер берілген. Ал кейінгілерінде түріктер мен монголдардың

тариҳы қаастырылған. Леон Каэннің шығармасы орыс тіліне башқұрт адвокаты Фалиәскер Сыртланов тараپынан қысқаша аударылған. Мен оны Уфадағы генерал Шейхалидің үйінен алған едім. Говорт зерттеуінің Шыңғысханға арналып жазылған үзінділері Ташкенттегі «Орта Азия» журналында орыс тілінде жарияланғантын. Бұл шығармалармен танысқаннан соң сол жылы түріктер тариҳын зерттеудің тұра жолына үзілді-кесілді шықтым. Проф. Катановтың көмегімен Батыстан – Лондон мен Лейденнен, Шығыстан – Ташкенттен және Бакуден дереккөздері жинақталған тариҳи әдебиеттерді жаздырып ала бастадым. Сол Катановтың жәрдемінің арқасында Лондоннан кітап бастырушы Лузак шығарған Мирхонд пен Хондемирдің парсы тіліндегі тариҳының қошірмесін жаздырып алдым. Сондай-ақ Бабур Мырзаның<sup>21</sup> естеліктерін алдырттым. Орыс тіліне аударылған монғолдар тариҳына арналып жазылған Д. Оссон мен Говорт шығармаларының қысқаша нұсқаларын оқуым бұл шығармаларды түпнұсқада оқып танысуға деген ниетімді күшетті. Мұның үшін француз тілін үйренуді жалғастыруым және ағылшынды үйренуді бастауым керек болды.

Медреседегі оқытушылық қызметтіммен бірге гимназия бағдарламасы бойынша емтихандарды тапсыру мақсатындағы сабактарымды жалғастырдым және «Бұратаналар мектебінің мұғалімі» дәрежесін алу мақсатында дайындығымды күшайте түстім. Егер гимназия бағдарламасы бойынша қабылданатын емтихандарды тапсыра алmasам, бұратаналар мектебі үшін дайындалатын орыс тілінің мұғалімі бола алсам да жетер еді деп ойладым. Мұғалімдердің (Рқлитский және Арбаков) латын және неміс тілдері бойынша берілген дайындық сабактары мені орыс зиялышарымен жақындастыруды. Мен олармен бірге жиі-жиі орыстың қалалық театрына да барып тұрдым. Бұның өзі мен үшін айрықша бір мектеп қызметтін өтеді.

Бірде Шаляпиннің қатысуымен өтетін «Король мир» операсын тамашаладым. Кейінректе австриялық Кицбюэль қаласында 1934 жылы бұл ұлы артиспен кездескенімде, оған әншілік өнерінен алған өсерімді айтқан едім.

Шалыгиннің отбасы орыс зиялышарымен танысуыма мүмкіндік туғызды. Шалыгиннің қыздарымен бірге жастардың кештерінде болдым, олардың қызы Татьянамен бірге Қабан көлінің мұзында коңки тептім. Шалыгinder отбасының барлық мүшелері маған тілекtestіk ниетте, қарым-қатынаста болды. Бірақ та діни

**А.З.Валиди Тоган. Естеліктер.**

сенімдердегі айырмашылық біздің достық қатынастарымызды белгілі дәрежеде шектеді. Мен шарап ішпей жүрген-дім, ал олар мені ішкізуге мәжбүрлемеді. Олардың кітапханасында орыс классикалық әдебиеті шығармалары толығымен табылатын-ды, мен бұл кітапханадағы кітаптарды қалағанымша пайдалана алдым.

Маған дейін «Қасимия» медресесінде түріктер тарихы да, арап әдебиеті тарихы да жеке пәндер ретінде өтілмеген еді. Ешкім де менің жаңа өзгерістерді енгізуіме қарсы болмады. Менің шәкірттерім көп еді, олар менің сабактарыма қатысып қана қоймай, маған көмектесе алу мүмкіндігінен ләzzат алды. Шәкірттерімнің бірі өзінің деревнясынан сирек кездесетін кітапты әкеліп берді. Бұл Түркменбей Дәулет-шахтың өлеңдер жинағы болатын. Ол Темір ұлдары кезінде Самарқандта өмір сүрген. Оның жаңағы жинағы парсы тілінде өте әдемі фолиант<sup>\*</sup> түрінде жарық көрген. Астраханда арап тілінде Ибн Құтайба шығармасының табылуы және мұндағы Дәулетшахтың кітабын окуым бүкіл Ортаазияттық өнірден көне кітаптар мен қол жазбаларды іздел табуға деген құлшынысымды оятты және күшайтті, кейінректе бұл іске үлкен ынтамен кіріспі те кеттім. Қазанда тұрған татар ғалымы Ш. Маржанидің қасында жүрген неміс шығыстанушысы Готвальд бұл өлкеде осындай көптеген маңызды шығармалардың сақталғандығын айтып жүрді. Мен шәкірттерім олардың деревняларында осындай кітаптар табылып жатса, маған келіп айтуын өтіндім және «Қасимия» медресесінде төрт жыл бойы қызмет істегенімде сондай көптеген шығармалардың табылғаны туралы хабарлар алып тұрдым. Олардың біразының Қазанға жеткізілуін сұрадым, басқаларын өзім барып әкелдім.

1840 жылы шығыстанушы Ч. Фраэн ислам мәдениеті тарихы бойынша жинаған деректерін жариялады. Бұл да маған ұлғі қызметін атқарды.

Сол жылы менің мұғалімім, неміс Рклитский арап, парсы және түрік тілдеріндегі шығармаларды олардың неміс тіліндегі аудармаларымен салыстырып оқу өте пайдалы, сөйтіп тілдерді бүгешегесіне дейін білуге болады деді. Орыс тілін үйренгенде де мен осы әдісті қолдандым. Осынау салыстырмалы оқудың пайдасы туралы проф. Катанов та маған айтқан-ды. Ол түрколог Радловтың «Түрік тайпаларының әдеби ұлгілері» атты еңбегін және «Құдатғу Білікті»

**Түркология, № 1, 2016**

---

\* Фолиант – үлкен қалың кітап.

де терең оқып-білуге кеңес берді. Мұның өзі мені түрік ұлыстарының дастандарын білуге ниеттендірді. Ол кезде мен проф. Позднеевтің<sup>22</sup> «Монғол тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» атта кітабын оқып жүрдім. Кейінректе бұл түрік халықтарының ғана емес, монғолдардың тарихын да зерттеуге септесті. Осындай ұмтылыстардың арқасында менің алғашқы шығармаларымның бірі «Түрік тайпаларының халық әндерінің төрт жолды өлең шумағы» жазылды. Бір жыл өтісімен мен «Шура» журналында өзімнің зерттеуімді жарияладым. Профессор Катанов менің мақалама өте жоғары баға берді.

#### ЕСКЕРГУЛЕР

18. Овсянников – Куликова Д.Н. (1853-1920) – орыстың әдебиеттанушысы және тілтанушысы, Қазан, Харьков, Петербор және Новороссиялық университеттерінің профессоры. Ол орыс әдебиетінің көптеген классиктері туралы еңбектер жазған, сондай-ақ «Орыс зияяларының тарихы» атты шығарма да сол профессордың қаламынан туындаған.

19. Милюков П.Н. (1859-1943) – Конституциялық-демократиялық партияның басшысы, публицист. «Орыс мәдениеті тарихы бойынша очерктер», «Орыс тарихи ой-пікірлерінің негізгі бағыттары» атты кітаптардың авторы. Милюков орыс тарихының ең ерекшеленген тұстары – «шектен шыққан қарабайырлық», қарадүрсіндік қой деп есептеді. Милюковтың тұжырымдамасы бойынша, Русьтің экономикалық артта қалуы сословиелік қатынастардың аса мешеу қалғанына байланысты. Мұның өзі елдің тарихында мемлекеттік биліктің үстемдік жағдайына ие болуына әкеліп соқтырды. Таптық сипаттан жырақ тұрган биліктің эволюциясы негізінен қорғаныс мұдделерімен анықталды. Ол Ұақытша Үкіметтің бірінші шақырылуында сыртқы істер министрі лауазымын иеленді, 1920 жылы елден шығып кеткен, Октябрь революциясы тарихы бойынша бірнеше кітап жазған: «История второй русской революции», т.1-3, «Россия на переломе», т. 1-2.

20. Карапов И.И. (1850-1931) – көрнекті тарихшы, Варшава, одан соң Петербург университеттерінің профессоры, Ресей ғылымдар Академиясының мүш-корреспонденті, Француз буржуазиялық революциясы және шаруалар мәселесін біріншілердің қатарында зерттеген. «Основные вопросы философии истории», «История Западной Европы в новое время», «История французской революции» в трех томах атты еңбектерді жазған.

21. Бабур Захреддин (1483-1530) – Индияда ұлы монголдар династиясының негізін қалаушы. Ол 1526 жылдан бастап билік жүргізген, Темір өулетінен шыққан. Орта Азияны біріктіру үшін көп жылдар бойы басқа княздіктермен соғысқан. 1504 жылы Сібірден барған өзбек көшпелілерінің басшысы Шәйбани оны Орта Азиядан қуып шыққан. Сол жылы ол Қабулды, Индияны жаулап алған. Аса танымал қолбасшы ғана емес, жақсы ақын да болған. Бабурдың шағатай және парсы тілдерінде жазған тамаша өлеңдері, сондай-ақ оның прозаикалық шығармасы «Бабур-намә» сақталып, бізге дейін жеткен.

**А.З.Валиди Тоган. Естеліктер.**

22. Позднеев А.М. (1851-1920) – орыс филологы, монголтанушысы, Петербург университетінің профессоры, Владивостоктагы Шығыс институтының директоры. Солтүстік – Батыс Монголия жерлерінде саяхаттап жүрген, Петербург университеті үшін монгол кітаптары мен қолжазбаларының коллекциясын жинаған. Мұның өзі әлемдегі ең ірі коллекциялардың<sup>\*</sup> бірі еді. Оның «Монголия және монголдар» еңбегі – монголтану бойынша жазылған іргелі жұмыстардың бірі.

Мәтінді аударған – Сайран Ә.  
(Жалғасы. Басы откен сандарда)

---

\* Коллекция – ғылыми, тарихи, көркемдік мәні бар қайсыбір біртекті заттардың жинағы.

## МАЗМУНЫ, CONTENTS

### ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

Исянгулова Г.А. ( <i>Уфа</i> )	О звукоподражательных словах в башкирском языке (на примере подражаний звукам, возникающим при движении мягких предметов)	3-10
Isyangulova G.A. ( <i>Ufa</i> )	About the onomatopoeic words in the Bashkir Language (on the example of imitations to sounds arising by motion of soft subjects)	
Янмурзина Р.Р. ( <i>Уфа</i> ) Yanmurzina R.R. ( <i>Ufa</i> )	Лингвокогнитивный анализ поэтического текста: трудности и перспективы Linguo-cognitive analysis of poetic text: challenges and prospects	11-19
Жылқыбай Г. Қарсыбекова И.И. ( <i>Turkistan</i> ) Zhylkybai G. Karsybekova Sh. ( <i>Turkistan</i> )	Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі kisi/адам этноконцептісінің елдік позициясын танытатын тілдік бірліктер Linguistic units describing national position of human ethnic concept in old Turkic manuscripts	20-28
Ömirbayev E. Ilyasova D. ( <i>Türkistan</i> ) Omirbaev E. Iliyasova D. ( <i>Turkistan</i> )	Ermeni harfleriyle Kipçak Metinlerinin incelenmesi A study of armenian letters with Kipchak texts	29-39
Исаева Ж. ( <i>Turkistan</i> ) Isayeva J. ( <i>Turkistan</i> )	Паремиологиялық қолданыстардағы түркі халықтарына ортақ атаулардың этнолингвистикалық сипаты Ethnolinguistic character of paremiological actions of common Turkic names	40-45

### ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

Карамашева В.Н. ( <i>Абакан</i> ) Karamasheva V.N. (Abakan)	Хакасская литература 1920-х – 2000 –х годов Hakas literature between 1920-2000	46-62
Сибагатов Ф.Ш. ( <i>Уфа</i> ) Sibagatov F.Sh. ( <i>Ufa</i> )	Формирование и функционирование жанра сират ан-наби (сира) в башкирской литературе начала XX в. Formation and functioning of the genre SIRA al-Nabi (SIRA) in the Bashkir literature of the early twentieth century	63-75
Косточаков Г.В. ( <i>Кузбасс</i> ) Kostochakov G.V. ( <i>Kuzbass</i> )	Художественная литература шорского народа Literature of Shor people	76-88

---

---

### ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

---

Салғараұлы Қ. (Астана)	Тілі – түрік, жазуы басқа	89-109
Salgarauly K. (Astana)	Turkic language in different systems of writing	

---

---

### ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ДІН

---

Шадинова Г. (Түркістан)	Жұсіп Баласагұнның «Құтадғу білік» шығармасындағы түркілік және исламдық дүниетаным ұстанымдарының мәдени-рухани сипаты	110-121
Shadinova G. (Turkistan)	Yusuf Balasaguni in the work "Kutadgu Bilik " principles of Turkish and Islamic worldview, cultural and spiritual character	

---

---

### АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР

---

Мұстапаева Д. (Түркістан)	Орта гасырлардағы исламдық сәулет өнеріндегі көркем есіктердің әрленуі	122-128
Mustapaeva D. (Turkistan)	Painterly decoration of doors in medieval Islamic art	

Ералин Қ.Е. Бейсенбеков Ж.Ж. (Түркістан)	Графика шебері Батухан Байменнің шыгармашылығы	
Eralin K.E. Beysenbekov J.J. (Turkistan)	Creation master arts in graphic Batuhan Beimen	129-135

Аүелбеков Е. Бейсенбеков Ж. (Түркістан)	Түркі мәдениетіндегі қазақ ою-өрнектерінің интеграциялық мәні	136-142
Auelbekov E Beysenbekov J.J. (Turkistan)	Integration of Kazakh ornamental value in the culture of the Turks	

---

---

### ПКІР

---

Юнысова Г. (Уфа)	Халық улы, ил ағаһы (Киң коласлы ғалим, күп қырлы талант әйәһе)	
Yunusova G. (Ufa)	Son of people, him Elder (all-round scientist, in possessor of many-sided talent)	143-151

---

---

### ТҮЛҒА

---

З.В. Тоган Z.V.Togan	Естеліктер Memoirs	152-167
-------------------------	-----------------------	---------

**БАЙЛАНЫС**

Түркологияғы ғылыми-зерттеу институты  
Түркістан/ҚАЗАҚСТАН  
e-mail: [turkologi@mail.ru](mailto:turkologi@mail.ru)

Басылым: Ахмет Ясауи университетінің «Тұран» баспаханасы

Редакцияның мекен-жайы:

161200, Қазақстан Республикасы, Онтустік Қазақстан облысы Түркістан қаласы  
Тәуекешан даңғылы № 7  
Телефон. 8 (72533) 3-21-17  
Факс: 8 (72533) 3-31-63

Журналдың электрондық нұсқасын [turkology.iktu.kz](http://turkology.iktu.kz) сайтынан оқуга болады.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның  
көзқарасын білдірмейді.

Техникалық редактор Ж.Танауова

Көлемі 70x100 1/16. Қағазы оффсеттік. Шартты баспа табағы 11,5.  
Таралымы 500 дана. Тапсырыс 630.